zangazet@mail.ru

№47 (3372) 15 маусым 2021

ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАРЖЫ ТАҒЫ ИГЕРІЛМЕДІ, НЕГЕ?

Еліміздегі бюджет тапшылығы Ұлттық қордан және сырттан алынатын қарызбен жабылып жатыр. Бұл орайда нақты экономикадан түсетін табыстың үлесі аз болып тұр. Экономиканы әртараптандырады деп жарнамасын жер жарғызып, миллиардтаған қаржы жұмсалған бағдарламалар қайда? Бес-алты жыл бұрын шенділер инновациялық-индустриялық даму бағдарламасының жемісі жайлы таңдайы тақылдап айтқанда, кереметіне сенбеске амал қалмаушы еді. Сол кездегі жоспар бойынша бүгінде еліміздің әр аймағында ашылған өндірістерден түсетін салық бюджеттің бүйірін бұлтитып қою керек болатын. Екі қолға бір күрек тауып, табысы артқан халықтың да ішкені алдында, ішпегені артында болып, мамыражай күн кешу керек еді. Алайда, олардың бірі жоқ, біз әлі сыртқа алақан жайып, ұрпаққа қажет деп жинап жатқан Ұлттық қорға қол салуымызды қоймай келе жатырмыз.

(Соңы 3-бетте)

НЕКЕ ШАРТЫ ДАУДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

6-бет

ШИКІЗАТТЫ СЫРТҚА ШЫҒАРУҒА «ШЕБЕРМІЗ»

8-бет

АЛТЫН КӨПІР

ЖОҒАРҒЫ СОТТА ДИПЛОМАТТАР ПІКІР АЛМАСТЫ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдар басшылары үшін алғаш рет брифинг өткізді. Шарада шет елдер мен компаниялардың жүзге жуық өкілі Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановты тыңдап, сұрақтарына жауап алды. Олардың арасында АҚШ, Түркия, Қытай, Италия, Нидерланды, Франция, Египет, Беларусь, Финляндия, Грузия, Украина, Куба, Словакия, Вьетнам, Индонезия, БАӘ, Болгария, Израиль, т.б. елдердің елшілері мен елші орынбасарлары болды. Кездесуді Қазақстанның сыртқы істер министрінің орынбасары Ақан Рахметуллин жүргізді.

Реформалар оң нәтиже беруде

Шарада ұлттық сарапшы Назгүл Ерғалиева сот жүйесіндегі реформалар нәтижесі туралы айтты. Реформа тәуелсіздік пен бейтараптықтың жоқтығы, сыбайлас жемқорлық, судьялардың кәсібилігі сияқты проблемаларды ашып берді. Сын объектілері ретінде олар сот жүйесіне деген қоғамдық сенім деңгейінің төмен болу себебін түсіндірді. Оларды жою үшін қабылданған шаралардан хабардар етті.

(Соңы 2-бетте)

КЕЛБЕТ

АЙ – ОРТАҚ, КҮН – ОРТАҚ, ЖАҚСЫ – ОРТАҚ

«АЙНАЛАЙЫНДАР, АМАНСЫҢДАР МА?» ДЕГЕН АҚЖАРҚЫН ДАУЫСЫМЕН ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕТІН АРЫҚБАЙ АҒЫБАЕВ АҒАМЫЗ РЕДАКЦИЯМЫЗДЫҢ ТҰРАҚТЫ ОҚЫРМАНЫ, БЕЛСЕНДІ АВТОРЫ. ӨМІРІНІҢ ӘР МИНУТЫН ЕРЕКШЕ БАҒАЛАЙТЫН ПРОФЕССОР ҚҰҚЫҚТЫҚ ГАЗЕТТІҢ ҚҰЖЫРАСЫНА ЖАЙ КЕЛМЕЙДІ. ҚОЛТЫҒЫНАН ТАСТАМАЙТЫН ЖУАН ҚАРА ПОРТФЕЛІНЕ МАҚАЛАЛАРЫН ТОЛТЫРА ЖЕТЕДІ. СОДАН КЕЙІН ЕНТЕЛЕП ТҰРҒАН БІЗДЕРГЕ «МЫНАНЫ «ЗАҢ ГАЗЕТІНЕ» ӘКЕЛДІМ, АЛ МЫНАНЫ «ЗАҢ» ЖУРНАЛЫ БАСАР», «ФЕМИДА» ЖУРНАЛЫНА ДА МЫНА БІР ЕҢБЕКТІ ЖАЗЫП ҚОЙЫП ЕДІМ, ҚАЖЕТІҢЕ ЖАРАП ҚАЛАР» ДЕП СӨЙЛЕЙ ЖҮРІП, ТЕБЕРІК ТАРАТҚАНДАЙ ЖАЗҒАНЫН ТЕҢДЕЙ ҮЛЕСТІРІП БЕРЕДІ.

Қарасаң, кеше ғана Парламентте таныстырылған жаңа заңға түсіндірме, қоғамда қызу талқыға түскен тақырыпқа жазған пікірі ақ парақта маржандай болып тізіліп тұрады. Қашан үлгерген? Қалай уақыт тапқан? Біз тамсанып, мақтауға сөз таппай тұрғанда негізгі шаруасын бітірген профессор асығыс басып шәкірттеріне кетіп бара жатады. Жақында сексеннің сеңгіріне шыққалы отырған Арықбай Ағыбаевтың бұл біз байқаған бір ғана қыры. Ал ел үлгі ететін, өнеге тұтатын істері қаншама?

Дарақ бір жерден көгереді

Арықбай Нүсіпәліұлы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қастек ауылында дүниеге келген. Бар болғаны 150-ге жуық шаңырақ тұратын Қастек ауылын талант-тардың мекені десек қателеспейміз. Себебі, Қазақстан ғылымына үлес қосып жүрген жетпіске жуық ғылым кандидаты мен 15 ғылым докторы дәл осы қасиетті мекенде тамыр жайған. Исі қазақ мақтаныш тұтар асылдарды дүниеге әкеліп, тәрбиелеген бұл ауылдың өнегесіне, ынтымағына бас иесің. Ағыбаев та қасиетті Қастектің тумасы. Қазақстанның заң ғылымының дамуына, құқықтық саланың қазақша сөйлеуіне өлшеусіз үлес қосқан ғалым осы аядай ғана ауылдың тағылымды ұстаздарынан сауат ашып, үлкен өмірге аттанған.

(Соңы 5-бетте)

ОЙТАЛҚЫ

ТЕҢГЕНІ ТИІМСІЗ ЖҰМСАУДЫ ҚАШАН ТОҚТАТАМЫЗ?

Бюджет комитетінің есебі жарияланған сайын қаржының тиімсіз жұмсалуы елімізде билік органдарында ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдарында да қызу талқыланып, түрлі сын-ескертпелер жарияланады. Алайда, айтылған, жазылған әңгіме көбіне сол күйінде қалып жатады. Бұл туралы мамандар пікірі қандай?

Бауыржан ИСКАКОВ, ***Тұран-Астана университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты:***

– Бюджет қаржыларын қандай да бір әлеуметтік және тағы басқа салаларға бағыттағаннан бұрын оның экономикалық тиімділігін анықтау керек. Бізде ол қаншалықты тиімді, экономикаға әсерін тигізе ме деген сияқты сараптамалар көп жүргізілмейді. Содан кейін қаражат әртүрлі бағыттарға жұмсалады. Оған мүмкіндіктеріне сәйкес өз қаражатын жұмсайды, болмаса мемлекеттің кепілдігін қоя отырып көбінесе халықаралық қаржы институттарынан, банктерден несие алады. Біздің сыртқы қарызымыздың көбеюіне әсерін тигізетін негізінен тиімсіз инвестициялық бағыттарға жұмсалған қаражат.

Оразалы СӘБДЕН, ***Қазақстан ғалымдары одағының президенті, ҚР Жоғарғы кеңесінің, ҚР Парламенті Мәжілісінің бұрынғы депутаты:***

– Бюджет қаржысының тиімділігін арттыру үлкен шаруа ғой. Тікелей Парламенттің бақылауында болуы керек. Бұл жерде ашығын айту керек бюджет қаржысының қайда жұмсалғаны белгісіздігі бізде жазылмайтын ауру болды. Бір жағынан, ақша жетпейді, екінші жағынан, жыл аяғында түрлі салаларға бөлінген млрд-таған ақша игерілмей қалады. Депутаттар Үкімет дұрыс істемеді деп шулап-шулап қояды. Жылда сол ауру. Бұдан құтылу керек. Менің ойымша, бюджет деген заң ғой. Заңдардың іске аспай жатқаны оларға бақылаудың жоқтығынан. Сондықтан Парламентте бақылау палатасы дегенді енгізу қажет.

(Соңы 3-бетте)

АЛТЫН КӨПІР

ЖОҒАРҒЫ СОТТА ДИПЛОМАТТАР ПІКІР АЛМАСТЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін төрағалардың екі реттен артық тағайындалмайтыны заңдық тұрғыдан бекітілген болатын. Қазіргі таңда әрбір төртінші аудандық сотта төраға жоқ.

Сот жюриі Жоғарғы Соттан бөлек жұмыс істейтін Жоғары сот кеңесіне берілді. Судьялар нақтылы бюджет жүйесі бойынша атқарушы билікке тәуелділіктен арылды. Қазылардың кәсібилігін арттыру үшін іріктеу күшейтілді. Судьялардың кәсіби білігін бағалаудың жаңа әдістемесі енгізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша жабық корпоративтік мәдениет саясаты ашық тергеумен ауыстырылды. Судьялар сыбайлас жемқорлық бойынша жауапкершілікке соңғы 3 жылда бұрынғыға қарағанда көбірек тартылған. Енді судьялар құқық қорғау органдарының қысымына қарсы тұратын болды. Осы шара айыптау бағытын жоюды көздейді. Ақталған адамдардың саны бірден 2,2 есе өсті. Олардың көпшілігі ауыр қылмыстық істер бойынша ақталуда. Адвокаттар шағымының үштен бірі қанағаттандырылуда. Бұрын бұл көрсеткіш 25%-ды құрайтын. Алқабилер қарайтын қылмыс санаты 13-тен 32-ге дейін кеңейтілді. Барлық аса ауыр қылмыстар 2023 жылдан бастап олардың юрисдикциясына өтеді.

Бұған дейін мемлекеттік органмен арадағы дауларда жеке компаниялардың жеңіске жету ықтималдығы шамамен 14% болды. Инвесторларға көмек ретінде 2015 жылы Жоғарғы Соттың мамандандырылған сот алқасы құрылды. Қазақстанда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдауға 15 жыл уақыт кетті. Енді азаматтар мен бизнес мемлекеттік органдармен қарым-қатынас кезінде өз құқығын қорғап, жосықсыз басқаруға жол бергені үшін оларды жауапкершілікке тарта алатын болды. Барлық сот ғимаратының 2/3 бөлігін жөндеу азаматтарға сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік берді.

Әлемдік рейтингтерде Қазақстан барлық негізгі «судьялық» көрсеткіштер бойынша өз орнын жақсартты. БҰҰ ДБ-ның 2020 жылғы тәуелсіз зерттеулеріне сәйкес, Дүниежүзілік банктің жобасы бойынша қалың жұртшылықтың 53%-ы соттарға сенеді. Сот қызметін пайдаланушылардың 67%-ы өз тәжірибесін оң бағалайды.

Бастамалар жалғасады

Үш деңгейлі жүйе тежемелік әрі тепе-теңдік тетігін құруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қылмыстық процесте полиция, прокуратура және сот атқаратын міндеттер нақты бөлінеді. Дәлелдеудің жаңа ережелері (ақпарат сотта ұсынылғаннан кейін және сот оны жарамды деп таныған кейін ғана дәлелдеме болады) және рәсімдер ұсынылды (сот прокурордан айыптауды ғана алады, ал арызды адвокаттан алады).

Цифрландыруды дамыту сот шешімдерін барынша ашық етеді әрі тұтынушыларға сот практикасын іздеу және істің аяқталу ықтималдығын болжау мүмкіндігін береді. Судьяларға арналған электрондық көмекші қарапайым істер бойынша шешімдерді әзірлейді және қағаз жүктемесін азайтады. Эксаумақтық юрисдикция істерді талап қоюшылар жүгінетін бір соттың судьялары арасында ғана емес, сонымен бірге елдің барлық судьялары арасында бөледі. Жоба судьяларды бейтарап етеді әрі жергілікті жердегі ықпалдан босатады, өңірлер бойынша жұмыс жүктемесін теңестіреді.

Н.Ерғалиева жергілікті судьяларды судьялық көшбасшылықты дамытуға көбірек тарту, сапалы сот оқуына ден қою және болашақ реформалар үшін берік ғылыми негіз қалау, осы реформалардың соттарға және одан тыс жерлерге әсерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшылар тобын тарту қажет деп есептейді.

Бірегей брифинг

Кездесуде Палестина Елшісі Мунтасер Абу Зейд «Қазақстанда әділетті шешім қабылдау үшін заңнан басқа қандай негіз бар?» деп сұрады. Оған жауап бере келіп, Ж.Асанов елдегі мемлекеттік билік заң шығарушы, сот және атқарушы билік болып бөлінуі арқылы жүзеге асырылатынын атап өтті. «Сот билігі заңдарды қабылдамайды, бірақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді. Конституция құқықтың қайнар көзі. Судьялар оны басшылыққа алады. «Құқықтың басқа көзі жоқ. Заңдар өмірдің барлық жағдайларын реттей алмайды. Сондықтан судья ішкі сеніміне, өзінің ақыл-парасатына, қисынды шешімі мен кәсіби қабілетіне, адалдығы мен тәртіптілігіне ден қояды», – деді.

Германия елшісі Тило Йоханнес Клиннер «ҚР Үкіметі ЖС шешімдерін орындай ма және инвесторлармен арадағы дауларды АХҚО сотында шешу мүмкіндігі көп пе?» деген сұрақ қойды.

«Сіз ЖС шешімдерінің орындалмауы туралы айтып, қарсыластармен болатын дау-дамайға қатысты маған жақсы қолдау білдіріп отырсыз», – деді Ж.Асанов. Төраға «мемлекеттік органдар қош көрмейтін» ӘРПК-нің енгізілуін осы кемшілікті жоюдың жолы деп біледі. Кодекстің мәні – адам мен бизнеске өз келіспеушілігін жеткізуге мүмкіндік беру. Бұдан әрі мемлекеттік орган өзінің кінәсіздігін дәлелдеуі тиіс.

АХҚО сотының тіркеушісі Кристофер Холттың пікірінше, Н.Ерғалиеваның таныстырылымы аз ғана уақыт ішінде прогреске қол жеткізудің үлгісі болып табылады. Ол АХҚО соты мен төрелік орталығы дауларды шеше отырып, өзінің абсолютті тәуелсіздігін қамтамасыз ететініне сендірді. Оның айтуынша, 4 жыл бойы және 2 тоқсан кезеңінде қызмет атқарған кезде олар 447 істі сәтті шешкен. К.Холт «мұны сот пен орталық үшін бұрын-соңды болмаған көрсеткіш» деп санайды. Барлық істер бойынша шешімдердің 100%-ы орындауға қабылданған.

Берлин қалалық сотының судьясы Йорг Пуделька жаңа әкімшілік-аумақтық бөліністің артықшылығын атап өтті. Мемлекеттік органдар өз шешімінің дұрыстығын дәлелдеуге міндетті және сот актісінің орындалуын соттың өзі бақылайды. Ол реформаның нәтижесі Қазақстанның халықаралық рейтингтегі көрсеткішін және елдегі инвестициялық ахуалды жақсартатынына сенімді.

Австрияның елшісі Вилли Кемпелдің «судьялардың заңнаманы жақсартуға мүмкіндігі бар ма?» деген сұрағына Жоғарғы Сот төрағасы: «егер судья заңның Конституцияға қайшы екенін көрсе, онда ол істі қарауды тоқтата тұруға және заңның осы нормасының конституциялылығын анықтау үшін Конституциялық Кеңеске жүгінуге құқылы», – деп жауап берді.

Ал Ватиканның Апостолдық Нунцийі Фрэнсис Ассизи Чулликат Ж.Асановқа: «Бұрын сіз әділ соттың жоқтығына, судьялардың тәуелсіздігіне және сот бақылауының нашарлығына алаңдаушылық білдірген едіңіз. Сізге қайсысын шешу қиын болды және қандай нәтижеге қанағаттандыңыз?» деп сұрақ қойды. Ж.Асанов 3 жыл бұрын әйтеуір бір адам ақталған кезде өзінің жұмыстан жақсы көңіл-күймен қайтқанын мойындады. «Сол 2018 жылы сот 75 адамды ақтады! Бұл бір ерекше жыл болды» деді ол.

«Жоспарлар үміт артады. Тіпті дамыған елдер де өзгерістерді бастан кешіруде. Ең бастысы – проблемаларды қалай жеңуге болатынын нақты көре білу, кәсіби команда, Президенттің ерік-жігері, әлемдік стандарттар бойынша жұмыс істеу», – деп сенеді ол.

«Бейкер және Макензи» қазақстандық кеңсесінің директоры Куртис Мастерс «Қазақстанның сот жүйесін бұрынғы кеңестік елдер ішіндегі ең үздіктердің бірі» деп санайды. Реформалардың ішінде ол цифрландырудың даму деңгейін атап өтті. Басқа елдерге қарағанда пандемия Қазақстан соттарының жұмысына әсер етпеді. Мұны инновациялық қадамнан және инвесторлар қатысатын дауларды қарау сапасының жақсаруынан байқауға болады. Сонымен қатар ЖС басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы барынша төзімділік саясатын ұстанғаны аталып өтілді.

Ауғанстанның уақытша сенімді өкілі Азизулла Омардың сот шешімдерін орындаудың және сенімді қарым-қатынастарды қалпына келтірудің маңыздылығы туралы тезисіне орай төраға 2018 жылы Сингапурға барған сапарын еске алды. «Онда аудандық сотта 86 судья жұмыс істеді, олардың 11-і бірінші қабатта отырады және онда келіп түскен талап қою арызының 95%-ы татуласу арқылы шешілді. Қойылған талаптар сотқа жетпейді әрі достық қарым-қатынас сақталады. Талап арыздардың тек 5%-ы ғана сот ісін жүргізуге қабылданады» – деп, бұл елде тіпті медиаторлар жұмыс істейтін ғимараттың судьялар кабинеттеріне қарағанда заманауи екенін атап өтті. Оның пікірінше, судьяларға деген сұраныс азаяды, яғни адамдар дауларды шешу барысында ымыраға келуі керек.

Жоғарғы Сот төрағасы Президенттің сот төрелігін жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударатынын атап өтті. Қ.Тоқаев судьялар корпусының стратегиялық міндеті қоғамның сенімін арттырумен байланысты екенін әрдайым баса айтады. Президент басшылығымен Құқық қорғау және сот жүйелерін реформалау жөніндегі комиссия жұмыс істейді. «Сот реформалары барлық елдерде тұрақты жүріп жатыр. Біз де бұдан тыс қала алмаймыз. Біздің реформамыз белсенді даму үстінде. Біздің соттар мен судьялар кіршіксіз жұмыс істеуде деп айта алмаймыз. Көптеген юрисдикциялар сияқты бізде де бірқатар қиындықтар бар. Осы мәселелерге баса назар аударылуда», – деді.

Дипломаттарға арнаған сөзінде Жақып Асанов реформаларға қатысты пікірін білу үшін сауалнама жүргізуді және осындай брифингті өткізуді дәстүрге айналдыруды ұсынды. Өзара пікір алмасу үшін жыл сайын маусым айының басында басқосу жоспарланып отыр.

Гүлмира МҰХАНБЕТЖАНОВА

ПІКІР

ЗАҢ БАРШАҒА ОРТАҚ

«Заң біз арқылы күшті, ал біз заңның көмегімен мықтымыз» деген еді ежелгі грек ойшылы Демосфен. Сол айтпақшы, заң баршамызға ортақ және бәріміз заңға арқа сүйейміз, заңның пәрменіне сенеміз. Өйткені, кез келген құқықтық құжат адам мүддесіне, халықтың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға бағытталып дайындалады. Құқықтық кеңістікке жаңа қосылатын Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс те қарапайым азаматтардың жария-құқықтық дауларда теңсіздік ахуалында қалмауына кепілдік береді.

Қазіргі кезде жаңа заңнаманың артықшылығы мен жаңа соттардың міндет, мақсатын түсіндіру бағытында іргелі іс-шаралар атқарылуда. Соның ішінде қарапайым халыққа жаңа соттардың мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардан айырмашылығын ажыратып беру маңызды. Қазір жұмыс істеп отырған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар алдағы уақытта атауын өзгерткені болмаса, жұмысын бұрынғыша жалғастырып, әкімшілік құқық бұзушылыққа қатысты істерге төрелік ете береді. Ал жаңа соттар тек Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс шеңберінде іс қарап, мемлекеттік органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы жария-құқықтық дауларды зерделейді. Сонымен бірге, бұл соттарға мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттеу жүктелген. Осыдан көріп тұрғанымыздай, әкімшілік іс пен әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс атаулары бір-біріне ұқсас болғанымен, мәні бойынша олар екі түрлі сот өндірісі болып табылады. Шілде айынан бастап мемлекеттік құрылымдардың ісіне, әрекетсіздігіне қатысты даулар осылайша жалпы соттарда емес, мамандандырылған әкімшілік соттарда қаралады.

Жаңа кодекс Мемлекет басшысының жолдауда берген тапсырмасы негізінде дайындалғаны белгілі. Жаңадан құрылған соттар талап қоюшылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етіп, әкімшілік органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы теңсіздікті болдырмау бағытында еңбек етеді. Біздің елімізде енді қолға алынғанымен әкімшілік әділет жүйесі дамыған елдердің тәжірибесінде бұрыннан бар. Мәселен, бұл институт өзінің тарихын Францияда бастаған. Жеке адамдардың мүддесін ойлаған француз билігі әкімшілік органдардың қызметіне қатысты дауларды қарау мәселелері мүлдем тәуелсіз болуы керек деген ұстанымды басшылыққа алған. Одан кейін әкімшілік әділет институтының кең тараған түрі Германияда пайда болды. Қалыптасқан неміс моделіне мән берер болсақ, бұл елде әкімшілік соттар атқарушы биліктен барынша оқшауланған. Міне, осы секілді озық елдердің жұмыс нәтижесі терең сарапталып, отандық соттың кедергісіз жұмыс істеуіне бүгінде толық жағдай жасалған.

Заңнамада азаматтар мәселесін жедел шешудің, әуре-сарсаңға салмаудың тетігі жан-жақты қарастырылған. Мысалы, жеке азамат мемлекеттік органның әрекетіне шағымданды делік. Жаңа құжатта көрсетілгендей, әкімшілік орган шағым түскеннен кейін оны жоғары тұрған органға жібермей-ақ үш күн ішінде қолайлы акт шығару арқылы өз қателігін түзей алады. Бұл да өз кезегінде «Халық үніне құлақ асатын Үкімет» қағидасымен толық сәйкес келеді. Әрі мемлекеттік органды да, азаматтарды ды сот процестеріне қатысу әуресінен құтқаруды мақсат етеді. Әкімшілік органның шағымды қарау өндірісі жеделдетілген тәртіпте 20 жұмыс күн болса, дауды сотта шешудің мерзімі 3 ай. Демек, құзырлы орган өз қателігін түзеу арқылы өзіне де үлкен сабақ алады, азаматтардың да заңның пәрменділігіне деген сенімін нығайтады.

Қарап отырсақ, құжатта халық игілігіне бағытталған, елдің жұмысын жеңілдетіп, құқығын тез, сапалы, қиындықсыз қорғауға көмектесетін артықшылықтың барлығы ескерілген. Тек осыны азаматтар түсініп, заңның мүмкіндіктерін өз қажеттеріне жарата білсе болғаны.

Жамбыл БАЯТАР,
Тарбағатай аудандық
№2 соты төрағасының м.а.
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

АТА-АНА ДА БАЛАСЫНАН АЛИМЕНТ ТАЛАП ЕТЕ АЛАДЫ

Отбасылық құндылықтар әлсіреген бүгінгідей қоғамда ажырасушылардың көбеюі де, тастанды балалар санының артуы да ешкімді таңқалдырмайтын жағдайға жетті. Ұл-қызының ертеңіне алаңдамайтын әкелердің кейінгі кезде алимент төлеуден жалтаратыны байқалады. Ал өзін бағып-қағып, мәпелеп өсірген ата-анасын қамқорлықсыз қалдырғандар әрекеті тіпті, ақтауға келмейді.

Бұл да бүгінгі қоғамның шындығы. Жасы келген ата-анасын қарттар үйіне өткізіп жатқандар бар. Өзекке теуіп, өгейлік танытқан ұл-қызын әшкерелеп, өздеріне алимент өндіртуге үлкендер жағы құлықты болмай жатады. Себебі, қарт адамдар сотқа барып әуреленгісі келмейді. Кейбірі қанша қиналып, материалдық жағдайы келмей тұрса да, ұл-қызының болашағы үшін, ұрпағын көпшілік талқысына салмас үшін соттасудан бас тартып жатады.

Негізінде кез келген баланың өз ата-анасынан қолдау қажет ететіні секілді, үлкендердің де балалардан материалдық көмек күтуге толық құқығы бар. Еліміздегі Неке (ерлі-зайыптылар) және отбасы туралы кодекстің 145-бабының 1-тармағына сәйкес, еңбекке қабілетті, кәмелет жасына толған кез келген бала көмекке зәру ата-анасын қамтамасыз етіп, қамқорлық жасауға міндетті. Мұндай міндет асырап алынған балаларға да жүктелген. Егер балалар перзенттік парызына салғырт қарап, ата-анасын қараусыз қалдырған жағдайда қариялар сотқа арыз жазып, алимент өндіруді талап ете алады.

Ол үшін қариялар арызында өзінің қиын жағдайда екенін, жұмыс істеуге қабілетінің келмейтінін, материалдық көмекке мұқтаж болып отырғанын дәлелдеуі тиіс. Алимент сұраған ата-ана сотқа зейнеткерлік кітапшасын, еңбекке жарамсыз екенін растайтын медициналық анықтаманы, сондай-ақ, айлық еңбекақысының мөлшері орташа күнкөріс деңгейінен төмен болса, ол туралы анықтаманы, денсаулығына байланысты дәрі-дәрмекке кететін шығынды, күнкөріс деңгейін, тұрғын-үй жағдайын айғақтайтын құжаттарды ұсынуы қажет. Мұндай құжаттар ата-анаға еңбекке жарамды балаларынан алимент өндіруге негіз болып табылады.

Алимент көлемі әртүрлі. Ата-ана мен балалар алимент көлеміне қатысты ортақ келісімге келмесе, талап арыз сот тәртібінде қаралады. Әр баладан қанша алимент өндірілетінін іс материалдарына қарап сот шешеді. Мұнда әр баланың табысы, жалақы көлемі, отбасы жағдайы, бала саны шешуші рөл атқарады. Алимент мөлшерін азайту үшін балалар өзінің тұрақты жұмысының жоқтығын, қарауында кәмелетке толмаған балаларының барын, жеке тұрғын үйінің жоқтығын, сол сияқты материалдық ахуалының төмендігін айғақтайтын құжаттарды ұсынуы шарт.

Сонымен бірге, жоғарыдағы кодекстің 145-бабы 5-тармағында балаларды алимент төлеу жауапкершілігінен босатудың реті көрсетілген. Яғни, егер ата-ана кезінде өзіне жүктелген ата-аналық міндетті дұрыс орындамай, балаларын қараусыз қалдырса, алименттен үміттене алмайды. Мұндай арыз-шағымдар көбеймесін десек, отбасындағы татулыққа, бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген жөн.

А.ШАКУАЛ,
Алматы қаласы Медеу аудандық сотының судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАРЖЫ ТАҒЫ ИГЕРІЛМЕДІ, НЕГЕ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарыз шектен асты

Қарызды алуымыз тіпті шектен шығып кеткен. Өткен аптада Парламент Мәжілісінде өткен 2020 жылдың бюджетінің атқарылуы туралы есебінде республикалық Есеп комитетінің төрайымы Наталья Годунова біраз қызықты мәліметті алға тартты. Былтырғы жылы 20,6 трлн теңгеге жеткен борыштың ЖІӨ-ге арақатынасы 29,4 пайыз болыпты. Бұл жаңа бюджет саясаты тұжырымдамасында белгіленген шектеуден 2,4 пайызға асып кеткен.

Қайта өңдеу саласын жандандырып, салықтық әкімшілендіруді жетілдірумен айналысуға тиіс біздің құзырлы орын, жергілікті әкімдіктердің қай-қайсысы болмасын қарыз алуға құмар болып алған. Соның нақты айғағы, ағымдағы жылдың басында 1,1 трлн теңгені құраған жергілікті атқарушы органдар борышы бірден 5 есеге өсіп кеткен. «Әзірге бұл 1,6 трлн теңгеге бекітілген лимит аясында. Бірақ болашақта қауіп тудырады» дейді Годунова ханым.

Расында осы бетінен танбаса, қарыз алғыштардың шекті мөлшерден асатын уақыттары да алыс емес сияқты. Сонымен қатар мұндай қарыздардың тиімділігі, оның жоспарлы іске сәйкессіздігі ешқайсысын алаңдатпайтын секілді. Мысалы, Білім және ғылым министрлігінің бұрынғы жетекшілері 67 млн АҚШ доллары көлеміндегі қарызды мектеп ісін жетілдіру үшін алған екен. Алайда, осынша қаржының нақты неге жұмсалатыны жан-жақты сараланбаған. Шын мәнінде аталған шараға 50 млн доллар емес, бар болғаны 17 млн доллар жеткілікті болып шықты. Қазіргі министр Асхат Аймағанбетов болмағанда мұны білмей, аталмыш қыруар қаржының орнын сипап қалғандай екенбіз.

Ұлттық қор қайда жұмсалып жатыр?

Өкінішке орай мұндай қадам өзгелер тарапынан байқалып отырған жоқ. Керісінше көбі борышқа келген қаржыны «бұл не деген батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық» деп оңды-солды шашып жатқан сияқты. Әйтпесе, сонша алынып жатқан қарыздың тиімділігі халықтың өмір сүру сапасынан көрінер еді ғой. Өзекті өртейтіні, осы қарызды жабуға Ұлттық қорға түсуі тиіс қаржы кетіп жатыр. Годунова ханымның айтуынша, квазимемлекеттік секторлар Үкіметтің рұқсат бергенін пайдаланып, сыртқы және ішкі қарыздарды болашақтың несібесіне аударылуға тиіс қаржымен өтеуде. Осы мақсатпен былтыр оған түсетін түсімнің 96 пайызы жұмсалыпты. Мұның сыртында бюджет қаражатының 45 пайызы Ұлттық қор трансфертінен құралған. Бюджет кодексін бұза отырып, Ұлттық қорға салық төлеудің орнына мұнай компанияларының ақшалай қаражаты республикалық бюджетке есептеліп жатқаны тағы бар. Тек 2020 жылдың өзінде Қарашығанақ және Солтүстік Каспий серіктес компаниялары бойынша іске қосылған жобалардан 664 млрд теңге қорға кем түсіпті. Мәжіліс спикері Нұрлан Нығматулин бұл жағдайға одан әрі жол бермеу қажеттігін айта келіп, қарызды орынсыз алып, талан-таражға жол берген лауазымды тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесін Палатада қаралып жатқан тиісті заңнамаға қарастыру маңызды деп атап өтті. Үкімет жетекшілері келісетін рай танытты.

Қаржының кірген ізі ғана бар...

Қысқасы, қаржының кірген ізі бар да, шыққан ізі жоқ. Яғни, одан елдің көріп жатқан пайдасы түкке алғысыз. Қай саланы алып қарасаң да бөлінген қыруар қаржының орнын табу қиын. Аталмыш жиында мұны депутаттар нақты фактілермен ортаға салды.

Мәселен, депутат Айбек Паяевтың айтуынша, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша белгіленген көрсеткіштерге қол жетпеді. Нақтырақ айтқанда, әлеуметтік тұрғын үй салу жоспары тек қана 57 пайызға орындалған. Республикалық маңызы бар қалалардың жұмыс істейтін жастарға арналған тұрғын үй жоспарының 34,4 пайызы ғана салынған. Ал, табысы аз отбасылар үшін қажет баспана жоспары 47 пайызға ғана қамтамасыз етілген. Сол секілді, Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017–2021 жылға арналған бағдарламасын іске асыру үшін төрт жыл ішінде 112 млрд теңге бөлінген. Депутат Қайнар Абасовтың айтуынша, бұл қаржының да қайда кеткені белгісіз. Саланың негізін құрайтын мал шаруашылығында бүгінде асыл тұқымды қойлар басы 70 пайызға төмендеген. Сонымен қатар толыққанды жем-шөп базасы да құрылмай, ветеринарлық мамандардың тапшылығы, фермерлердің сапалы білімінің жетіспеушілігі сынды мәселелер агроөнеркәсіптік кешеннің бітпейтін бас ауруы болып тұр. Соған қарамастан дүниежүзілік банктен 460 млн еуро қаржы тарту көзделген. Шын мәнінде валюталық қарыздар инновациялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін инфрақұрылымдар жасалған жағдайда ғана алыну керек болса, құзырлы орындардың бұл ақшаны қайтып игеретіндігі түсініксіз.

Демек, тәуелсіз экономикалық сарапшылар айтып жүргендей алынатын қарыз «серіктестерінің» күйін кешіп, офшорлардағы жеке есепшоттар мен шетелдерге жекежай, яхталарға айналып кетпесе неғылсын. Осылай болжаудан өзге амал жоқ. Өйткені, қаржы мақсатқа сай қолданылса, халық басқаны айтпағанада қымбатшылықтың қамытын кимес еді.

Еуропа қайда, біз қайда?

Өсімдік шаруашылығында үлкен тәжірибесі, табиғи мүмкіндігі бар біздің елде өсімдік майының бір литрі мың теңгеге жетті. Мұны осы жиында депутат Данияр Әлімбаев айтып, құзыреттілердің назарына салған еді. Оның айтуынша, күнбағыс майы 37 пайызға, қант 32,8, жарма 28,7, картоп 16,8, жемістер 14, 9, макарон өнімдері 14, 7, жұмыртқа 10 пайызға қымбаттаған. Бұл тізімді әлі де арттыра беруге болады. Керісінше қымбаттамайтын заттар санына бір қолдың бес саусағы көптік етеді.

Біздің Үкімет мүшелері үшін пандемия жағдайында бұл қалыпты жағдай. Жиында олар депутаттар тарапынан айтылған базыналардың бәріне осындай желеу айтып, әлемдік жағдайды мысалға келтірумен болды. Қазақстанды өздері жиі барып тұратын Еуропамен салыстырады. «Қарға қазға еріп аяғын үсітіптінің кері» болып жатқандай елімізде. Еуропа қайда, Қазақстан қайда? Өзінің нарыққа шығаратын өнімі жоққа тән, азық-түлігінің, көйлек-көншегінің, дәрі-дәрмегінің денін шет елдерден алып, күллі қаржысын солардың экономикасын дамытуға салып отырған, күнкөрісі долларға тәуелді елімізді дамыған қауымның тірлігімен салыстыру қандай қисынға келеді?

Ауадан алынған инфляция

Қызығы сол – қымбатшылық өршіп бара жатса да елдегі инфляция деңгейі 2020 жылы 7,5 пайызды құрады және болжамды 8-8,5 пайыз шеңберінде сақталды. Бұл көрсеткіш Әлімбаев мырза айтқандай негізгі нақты жағдайды бейнелеуі тиіс еді. Алайда, базардағы баға мен инфляцияның арасы жер мен көктей деуге болады. Құзырлы орындардың инфляция деңгейін неге сүйеніп жасап отырғаны түсініксіз. Жиында орынды қойылған осы сауалға мардымды жауап айтылмады. Олардың сөзінен түйгеніміз, біздегі шаралардың бәрі салдарымен күресу. Яғни, жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген несие ретінде сауда жүйелерінде бағаларды ұстау үшін 33 млрд теңге бөлініпті. Монополияға қарсы шаралар іске асырылып, шектеу бағалары енгізілуде. Тағы азық-түлік бағасын тұрақтандыру үшін көтерме тарату орталығын салу жоспарланып жатыр екен. Яғни, жиында Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин айтқандай, қымбатшылыққа жеткізген жағдайдың өзін жою, яғни, елдегі қайта өңдеу саласын жолға қойып, өнім молшылығын арттыратын нақты секторды дамытып, халықтың табысын арттыруға бағытталған жобалар қолмен қойғандай түзілген айқын жоспар жоқ. «Қоянның түрін көріп қалжасынан түңіл» демекші, біздің шенеуніктердің бұл кейіпіне қарасақ, сырттың беретін борышына телміргеніміз телмірген секілді. Ұлттық қордың да аз уақытта түбі көрініп қалмасына кепіл жоқ. Олай болса, Үкімет болжап отырған 2021–2025 жылдағы инфляция деңгейінің 4-6 пайызы неге негізделіп отыр? Тағы түсініксіз.

Бар қаржы тиімсіз жұмсалуда

Наталья Николаевна да өз баяндамасында осындай қисынға келмейтін біраз деректі келтірген еді. Әдеттегідей, бізде бюджеттегі аз қаржының өзінің игерілмеу фактісі бар. Былтыр 18 млрд теңге игерілмей қалыпты. Соның ішінде әлеуметтік секторға бөлінген бюджет қаражатының 44 пайызының 33 пайызы яғни, 570 млрд теңгесі тиімсіз жұмсалыпты. Бұл пандемияның салдарын жеңілдету үшін жіберіп алынған мүмкіндік. Бұған себеп болған қашанғысындай болжамдағы қателік, жобаларды жеткіліксіз қаржыландыру, орындау кезінде орын алған нашар қаржылық тәртіп. Оның мысалы ретінде бас есепші жұмыспен қамтамасыз етуге және халықтың табыс деңгейін арттыруға бағытталған дағдарысқа қарсы қаражатты пайдалану үрдісін атаған еді. Жұмыссыздықты 4,9 пайыз деңгейінде сақтауға қол жеткізілгеніне қарамастан, бастапқыда шығындардың едәуір бөлігі уақытша жұмыс орындарын ашуға тиесілі болып, оларда жұмысқа орналастырудың орташа кезеңі 1-3 айды құрады. Қабылданған дағдарысқа қарсы жобалардың тек 14 пайызы ғана ұзақ мерзімді экономикалық активтерді және объектілерді құруға бағытталған. Қалғаны – ағымдағы жөндеу, көгалдандыру және сол сияқтылар. Мұндай шаралардың әсері қысқа мерзімді болатыны белгілі. Өңірлер жаңа өндірістерді құру, қолданыстағы қуаттарды кеңейтуге бағытталған жобаларды мүлде ұсынбаған. Бюджеттің кіріс бөлігінің мүмкіндіктері шектеулі кезінде жағдайды жақсартудың қозғаушы күші болатын басымдықтар дұрыс белгіленуі керек еді. Өкінішке орай, талай көтеріліп жүрген бұл мәселеге бар саланы тығырыққа тіреген пандемия да әсер ете алмаған сияқты. Аяқталмаған жобалардың үлесі 8 пайызға жетсе де министрліктердің 100 пайыз нәтиже шығарғаны тағы бір түсініксіз жайт.

Бағдарламалардағы дәйексіздік

Бағдарламаларды жиі түзету немесе оларға қойылған міндеттеріне қол жеткізу деңгейін бағаламай күшін жою да сұрақ тудыратын мәселелердің бірі. Мәселен, соңғы он жыл ішінде тұрғын үй құрылысы саласындағы үш бағдарлама мерзімінен бұрын тоқтатылыпты. 2020 жылдан бастап қолданылатын «Нұрлы жер» бағдарламасына қазірдің өзінде 4 рет түзету енгізілген. Иә, өмір бір орында тоқтап тұрмайды. Дегенмен, өзгерістердің жиі орын алуы осы саланың дамуында дәйектілік жоқ екендігін айғақтайды. Жекелеген жағдайларда аса маңызды салаларды дамытудың стратегиялық пайымдары әлі күнге дейін жоқ. Годунова ханымның айтуынша, мысалы бізде жер ресурстарын дамыту стратегиясы ғана емес, тіпті тұжырымдамасы да жасалмаған. Стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда белгіленген жекелеген индикаторлар мен көрсеткіштер жер балансын санаттар бойынша бағалап, даму көкжиегін айқындауға мүмкіндік бермейді. Геодезияда осы күнге дейін 1942 жылғы координаттар жүйесі басшылыққа алынуда. Үкімет қаулысы шықпаса да өңірлердің бірқатарында жер учаскелерін иеліктен шығару аудан әкімдіктерінің өз білермендігімен жүргізілуде. Ал бұл сыбайлас жемқорлық үшін алғышарт.

Заңсыздық квазимемлекеттік секторда көп

Квазимемлекеттік сектордағы нысандар ерке балаға айналып отыр. Былтыр «Самұрық-Қазына» қоры, «Қазақстан темір жолы», «Самұрық-Энерго», «Қазақтелеком», «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты», «Тау-Кен Самұрық», «Samruk-Kazyna Construction», «Біріккен химиялық компания», «ҚазМұнайГаз» ҰК», «Қазатомөнеркәсіп» және басқаларында қаржылық бұзушылықтар 41 млрд теңге, активтерді тиімсіз басқару 340 млрд теңгеге жуықтапты. Олардың рөлінің түйінді факторы – ел дамуының стратегиялық жоспарында айқындалған ұлттық экономиканы жаңғырту болса, оның әлі ауылы алыс болып тұр. Солай бола тұра, бұл ұйымдар бюджеттен жыл сайын 817 млрд теңгені еншілейді екен. Былтыр шамамен оның 20 млрд теңгесі игерілмепті. Бұрын жинақталған қалдықтарды қосқанда орны табылмаған қаржының көлемі 56 млрд теңгеге жетіп отыр. Бұл 2018 жылғы деңгейден 3 есеге көп. Мұндай қаржыға мемлекет қосымша 1200 орынға арналған 18 мектеп салар еді.

Бас есепші сонымен қатар трансферттердің де тиімсіз жұмсалғанына назар аудартқан болатын. Годунова ханымының айтуынша, трансферттер мен бөлінген қаржыны кері қайтарып алудың негізгі мақсаты – бюджетті теңестіру дұрыс айқындалмаған. Субвенциялар мен алып қоюларды айқындау кезінде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымның бүгінгі жай-күйі ескерілмейді. Мысалы, кейбір жерлерде асар әдісімен салынған немесе тіпті апаттық жағдайдағы мектептер бар, ал бір жерлерде жағдай өте жақсы. Мысалы, Атырау облысы үшін алып қоюлар бюджет шығыстары бір тұрғынға есептегенде Қарағанды облысының шығыстарынан 2,5 есе асып түсетіндей болып белгіленеді. Бұл жағдай жыл сайын қайталанып келеді.

Тоқетерін айтқанда, бюджеттің атқарылуындағы көптеген кемшіліктер жүйелі сипатқа ие. Ол туралы депутаттар да аз айтпайды. Есеп комитетінің беретін ұсынымдары, тіпті тапсырмалары жеткілікті. Алайда, баяғы жартас, бір жартас. Сондықтан бұл ұйымның Мемлекет басшысына жасаған әр жылдың соңында бюджет қаражатын тиімді жоспарлап, игеру нәтижесі қаралатын кеңес өткізу туралы ұсынысынан пайда болар ма екен? Егер айтудан, ескертуден мәселе шешілетін болса, Қазақстан ендігі бәсекеге қабілетті отыз елдің басында жүрер еді. Бұл жерде үкіметті талантты, білікті, іскер, елге жанашыр, озық ойлы кадрлармен жасақтаудан өзге жол жоқ деп есептейді қоғам. Расында ел арасында «қосылғыштар» аталып кеткен қазіргі шенеуніктердің орнын алмастыра беруден пайда әзірге көрінер емес…

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ТЕҢГЕНІ ТИІМСІЗ ЖҰМСАУДЫ ҚАШАН ТОҚТАТАМЫЗ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бауыржан ИСКАКОВ, ***Тұран-Астана университетінің профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты:***

– Егер, нарықтық қатынасқа жауап беретін, экономикаға жұмыс орындарын ашатын, қосымша қаржы әкелетін салалар болса онда қаражат ақталар еді. Бірақ бізде біріншіден, қаржы көбінесе тиімсіз салаларға жұмсалады. Екіншіден, сол қаражаттың талан-таражға түсуіне икемді мүмкіндік беріледі. Оның бәрі айналып келгенде бюджет қаржысының тиімсіз жұмсалуына әкеледі. Сол үшін де бюджет қаражатының тиімділігін арттыру үшін, бірінші кезекте сараптамадан өткізу керек. Оның сол салаға, экономикаға, елге қандай пайдасы бар? Екіншіден, біздің сырттан алған қарызымыздың дәрежесі қандай? Оны қайтаруға мүмкіндігіміз бола ма. Көбінесе қарызды алып алады да, дағдарыс және тағы басқа да бір жағдайлар болған кезде мемлекет кепіл болғандықтан берешекті мемлекеттің қаражаттары арқылы, жабады. Былай айтқанда пайданы басқа көріп, мемлекет оның салдарымен күреседі. Сол үшін осындай іс-шараларды әзірлеместен бұрын экономикалық сараптамадан өту керек. Жалпы, бізде бюджет қаржысын тиімді жұмсаудың заңнамалық жағы бар. Бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын қадағалайтын Есеп комитеті бар. Бірақ ақша алатын кезде нақты талаптары жоқ.

Оразалы СӘБДЕН, ***Қазақстан ғалымдары одағының президенті, ҚР Жоғары кеңесінің, ҚР Парламенті Мәжілісінің бұрынғы депутаты:***

– Сол арқылы бюджет іске аспай қалса, тендерде заңбұзушылық болса оларды сотта тікелей жазалайтын нормативтер болғаны дұрыс. Сонда ғана жемқорлар аяғын тартады.

Бюджетті және заңдардың орындалуын бақылау Парламенттің құзырындағы нәрсе. Қазір заңның бәрі формальды. Кез келгенін ашып қарасаңыз, қосымша шығынды қажет етпейді деп жазылған. Ол қандай заң? Парламентте төраға мұғалім, депутаттар – оқушылар. Төраға айтады, министрге де, депутаттарға да төраға ұрсады. Сонда төраға Президент пе? Төраға мандаты депутаттың мандатымен бірдей. Екеуінің құқығы бірдей. Ұят қой. Халық өз депутатын білу үшін 50 пайызын жергілікті жерден, 50 пайызын партиядан сайлау керек. Қазір партия тізіміне кірсең өтесің, кірмесең басың алтын болса да өтпейсің. Сондықтан халық бір жақта, Парламент пен Үкімет бір жақта тұр. Бірін-бірі түсінбейді, естімейді, көрмейді.

Сауалнаманы дайындаған Ерлік КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

ТАТУЛЫҚ – ТАБЫЛМАС БАҚЫТ

Маңғыстауда бірнеше отбасылық кеңес беру орталығы мен еңбек ұжымдарында татуластыру кабинеттері өз жұмысын бастады. Олар қоғамда дауды азайту, оның ішінде еңбек, отбасылық және қаржы дауларын сотқа дейін реттеу тетіктерін кеңейту мақсатында іске қосылды.

Атап айтқанда: Ақтау қаласындағы Неке сарайында отбасылық кеңес беру орталығы ашылды. Орталық жаңа жиһаз, балаларға арналған ойын бұрышымен, кітаптармен жабдықталды. Онда медиатор, психолог, дәрігер кеңестеріне тегін жүгінуге болады. Жаңаөзен қаласы мен Мұнайлы ауданындағы АХАТ бөлімінің ғимаратында да дәл осындай қызмет көрсететін отбасылық кеңес беру кабинеті ашылды. Аталған орталықтарда некені бұзу туралы арыз берген тараптарға, олардың туыстарына кеңес беруден бөлек, ауыл, аудандардағы әжелер кеңесімен, түрлі ұйым өкілдерімен отбасы-тұрмыстық даулардың алдын алу талқыланады.

«Қазіргі уақытта өкінішке орай, тек жастар емес, үлкендер арасында да неке бұзу фактілері жиілеп кетті. Қоғам бұл мәселенің алдын алмаса, жалғызбасты, толық емес отбасылар саны арта түседі. Бұл өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, қалыптасуына, материалдық жағдайдың төмендеуіне де әсер етуі мүмкін. Сондықтан, отбасы дауларын сотқа дейін реттеу тетіктерін кеңейту керек», – дейді Маңғыстау облыстық соты төрағасының м.а. Е.Қарабаев.

Ал Түпқараған аудандық сотының бастамасымен «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның еншілес ұйымы «Теңіз Сервис» ЖШС ғимаратында еңбек дауларын реттестіретін медиация кабинеті ашылды. Онда жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы даулар реттестіріліп, сұрақтар мен өзара келісімдер шешіледі деп күтілуде. Жұмыс жоспарына сәйкес, сот төрағалары мен судьялар да осы кабинетте еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізіп тұрады. Бұл орталықтар медиация рәсімдерін халық арасында кеңінен насихаттап, дауларды сотқа дейін және сотта реттеуге мүмкіндік бермек.

Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі

СУДЬЯ МІНБЕРІ

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫ АРТАДЫ

Нұрсұлтан РАХЫМБЕРЛИН Ақмола облыстық сотының судьясы

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс үстіміздегі жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Жаңа кодекс мемлекеттік органдардың әкімшілік рәсімдерін, ішкі мемлекеттік рәсімдерін жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ, жария құқықтық қатынастар аясында дауларды шешу тәртібін реттейтін заңнамалық акті болып табылады. Кодекске сәйкес, әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу кезінде келесі қағидаттарға назар аударылады: құқықтар басымдығы қағидаты – барлық күдік, қайшылықтар мен түсініксіздік әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі; ресми талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу – әкімшілік органға, лауазымды адамға әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуға, шектеуге, тоқтатуға, сондай-ақ заңнамада белгіленбеген талаптарды сақтау мақсатында оған міндет жүктеуге тыйым салынады; қорғау құқығына сенім – әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның, лауазымды адамның қызметіне сенімі заңмен қорғалады; соттың белсенді рөлі – сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктеме, мәлімдеме, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлел, дәйектемелер және әкімшілік істің өзге де материалымен шектелмей, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттейді; әкімшілік процеске қатысушылардың өз бастамасы немесе уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды; әкімшілік істің нақты және заңды тараптарына қатысты құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде талап қоюшылар сотқа талап қоюдың мынадай түрлерімен жүгіне алады: әкімшілік актіні толық немесе оның бір бөлігін алып тастау талабымен дау айту туралы талап қоюлар; әкімшілік органның, лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылдаудан бас тартылған не қабылданбаған, талап қоюшы қолайлы әкімшілік актіні қабылдауды талап етуі мүмкін мәжбүрлеу туралы талап қоюлар; талап қоюшы әкімшілік актіні қабылдауға бағытталмаған белгілі бір іс-әрекеттер жасауды немесе осындай іс-әрекеттерден қалыс қалуды талап етуі мүмкін іс-әрекеттер жасау туралы талап қоюлар; талап қоюшы қандай да бір құқықтық қатынастардың болуын немесе болмауын тануды талап етуі туралы талап қоюлар.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің енгізілуіне байланысты мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылады, олар осы санаттағы істерді қарайды, кейбір санаттар бірінші сатыдағы сот ережесімен Жоғарғы Сотта және Нұр-Сұлтан қаласының сотында қаралады.

КӨЗҚАРАС

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТТІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылығы аз емес. Бұл құжат мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін және әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Кодекс екінші тарап ретінде мемлекеттік органдар әрекет ететін істерді қарау кезінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін белгілеуге арналған.

Құқықтық-жариялық дауларда билік органдарының шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағым жасау кезінде азаматтар көбінесе тең емес жағдайда болып келді. Әкімшілік әділетті енгізу бұл кемшілікті жойып, мемлекеттік орган мен азаматтар арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуді көздейді.

Әкімшілік әділет – бұл жаңа институт емес, ол әлемнің көптеген елдерінде бұрыннан жұмыс істеп келеді және құқықтық мемлекеттің маңызды атрибуты, азаматтардың құқығы мен бостандығын мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғауға кепілдік беретін «естуші мемлекеттің» күшті тірегі болып табылады.

ӘРПК-нің қабылдануы – мемлекет үшін маңызды оқиға: енді талап-арыздар мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы қағидаты бойынша қаралмақ. Бұл дегеніміз мемлекеттік орган өзі қабылдаған шешімнің, әрекет пен әрекетсіздіктің заңдылығы мен негізділігін дәлелдеуі қажет. Кодексте әкімшілік актіге бастамашылық етудің, оны қараудың және қабылдаудың бірыңғай, түсінікті рәсімі бекітілген.

Әкімшілік актілер қолайлы (жаңа құқық беретін, міндеттерді тоқтататын, жағдайды жақсартатын) және ауыртпалық түсіретін (құқықтарды тоқтататын, міндеттерді жүктейтін, жағдайды нашарлататын) болып бөлінеді. Сонымен бірге, заң шығарушы заңсыз ауыртпалық салатын актінің әрқашан міндетті түрде жойылуға жататынын, ал заңсыз қолайлы актінің күші жойылған кезде әкімшілік рәсімге қатысушының сеніміне құқықты қорғау қағидаты ескерілетінін бекітеді. Бұл принцип – қабылданған әкімшілік актінің заңды және дәйекті екендігінің кепілі.

Мысалы, азаматқа тұрғын үй салу үшін жер телімі бөлінді делік. Бірақ біраз уақыттан кейін қаланың бас жоспарына түзету енгізіліп, берілген жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген. Міне бұл жағдайда сенім құқығын қорғау қағидаты жұмыс істеуі керек: әкімшілік орган азаматқа үйді аяқтауға немесе оны нарықтық (бастапқы) бағамен сатып алуға мүмкіндік беретін, жердің бұрынғы нысаналы мақсатын қалдыруға міндетті.

Тағы бір маңызды жаңалық: алғашқы рет әкімшілік процедура жүргізіліп жатқан адамға процедуралық тыңдалу кепілдігі енгізіліп, түпкілікті шешім қабылданғанға дейін өз ұстанымын, позициясын білдіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, әкімшілік рәсімді жүзеге асыру нәтижесінде қабылданған шешімге шағымды қараудың алқалық тәртібі белгіленген, бұл әрине, істің мұқият негізделген және әділ қаралуын қамтамасыз етеді.

Кодекспен сотқа дейінгі міндетті шағым жасау енгізілген. Мұны құжаттың ерекше артықшылығы деп түсіну қажет. Біріншіден, бұл институт сот шығындарына жол бермейді. Екіншіден, 15 жұмыс күні ішінде шағымды қараудың жедел өндірісі қалыптаспақ. Үшіншіден, төменгі сатыдағы органдардың қызметіне ведомстволық бақылау күшейтіледі, бұл өз кезегінде әкімшілік актілерді қабылдаудың біркелкілігіне әкеледі, яғни, әкімшілік органдардың бірдей жағдайларда әртүрлі акті қабылдауына жол берілмейді.

Тағы бір маңызды ерекшелік: әкімшілік орган актіге шағым түскен сәттен бастап үш күн ішінде істі жоғары тұрған органға жіберместен өз қатесін түзетуге немесе істі бітімгершілікпен аяқтауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, жоғары тұрған орган төменгі органның қабылданған ауыртпалық түсіретін актісін заңсыз деп танып, оның күшін жоюға құқылы. Сот әкімшіліктің шешіміне, әрекетіне құқықтық бақылауды ғана жүзеге асыруға құқылы..

С.МАХАМБЕТОВ,
Меркі аудандық сотының төрағасы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

ШЕШІМНІҢ ОРЫНДАЛУЫ СОТ БАҚЫЛАУЫНДА

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жаңашылдықтарын таныстырып, түсіндіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бұл құжат елдегі әкімшілік әділеттің негізін қалайды.

Әкімшілік сот ісін жүргізуде соттың белсенді қағидаты жүзеге асырылатыны кодексте бекітілген. Соның бірі сот шешімінің орындалуы сот бақылауында болуы. Шешім заңды күшіне енгеннен кейін ерікті түрде орындау үшін үш жұмыс күні ішінде жауапкерге жіберіледі. Бұл ретте, жауапкер әкімшілік іс бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай ішінде орындауға міндетті. Егер белгіленген мерзімде жауапкер шешімді ерікті түрде орындамаса, сот ақшалай өндіріп алуды қолданады.

«Ақшалай өндіріп алу» нені білдіреді? Бұл жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне 10 айлық есептік көрсеткіштен (әрі қарай АЕК) 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қолданылады. Сот ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы ұйғарым шығарады, көшірмесі өндіріп алу қолданылатын адамға табыс етіледі. Ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы мәселе сот отырысында қаралатыны туралы жауапкерге алдын ала хабарланып, кейіннен сот отырысы жүргізіледі.

Ақшалай өндіріп алу келесі жағдайларда және мөлшерде жүргізіледі: сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себеппен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін он АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы; соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкіміне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны т.б. үшін сот осы сот актісінде ол бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуға жататын мерзімді көрсете отырып, жауапкерден 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Ақшалай өндіріп алуды төлеу ұйғарым табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады және ол республикалық бюджеттің кірісіне өндіріп алынады. Ақшалай өндіріп алу қолданылған тұлға оны төлеуден босату немесе ақшалай өндіріп алу мөлшерін азайту туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге құқылы. Өтінішхат сот отырысында арыз иесін шақырта отырып қаралады және оның материалдық жағдайы мен басқа да ескерілуге жататын дәлелді себептерді назарға ала отырып, сот ақшалай өндіріп алу туралы сот ұйғарымының орындалуын кейінге қалдыруға немесе екі айға дейінгі мерзімге бөліп төлеуге беруге құқылы. Сонымен қатар, егер, сот актісін немесе сот талаптарын орындамаған кезде сот тұлғаға он АЕК-ке ұлғайтылған мөлшерде қайтадан ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Айта кетерлігі, жауапкерді ақша сомасын төлеуге міндеттейтін, ерікті түрде орындалмаған сот шешімі атқару парағының негізінде мәжбүрлі түрде орындалады, ол талап қоюшының арызы бойынша жазып беріледі. Кейбір сот актілері дереу орындалуға жолдануы да мүмкін. Мысалы, сот әкімшілік процеске қатысушылардың негізді өтінішхаты бойынша, сондай-ақ өз бастамасы бойынша, егер анағұрлым кеш орындау әкімшілік процеске қатысушының құқықтарына елеулі зиян келтіретін болса не қиындататын болса немесе мүмкін болмаса, соттың шешімін дереу орындауға жіберуге құқылы. Сот актісі дереу орындауға жіберілген кезде сот әкімшілік процеске басқа қатысушылардың да құқығы мен жария мүдделерін ескереді.

Сот кез келген уақытта әкімшілік процеске қатысушының өтінішхаты негізінде дереу орындауға жіберілген сот актісінің орындалуын тоқтата тұруы мүмкін. Бұл ретте, дереу орындауға жіберілген сот актілері, егер жоғары тұрған сатының заңды күшіне енбеген сот актісімен күші жойылған немесе өзгертілген жағдайда орындауға жатпайды.

А.СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
Ақтөбе қаласының №3 сотының судьясы

КЕСЕЛ

ЖЕМҚОРЛАРДЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТПЕЙІК!

Егеменді еліміздің кез келген азаматы өзінің бұзылған мүддесін, құқығын, бостандығын қорғау үшін жемқорлыққа қарсы кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгінуге құқылы. Ол үшін міндетті түрде өтініш, лауазымды адамның немесе әкімшілік органның іс-әрекеті басшылыққа алынады. Бұл ретте соттың рөлі жоғары.

Нақтылай түссек, сот процеске қатысушылардың өтінішхаттары мен мәлімдеме, түсініктемелерімен шектелмей, істі дұрыс шешу үшін маңызды барлық мән-жайларды, сараптамаларды жан-жақты зерттеуі тиісті. Бұл ретте судья істің нақты және заңды тараптарына қатысты құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала пікірін айта алады.

Соттың беделі – мемлекетіміздің, бүкіл құқық қорғау органдарының беделі екендігі ақиқат. Сондықтанда Ұлт жоспары, «Сот төрелігінің 7 түйіні», республика судьяларының кезекті съездерінде көрсетілген нақты тапсырмалар мен міндеттерді, қағидаттарды бұлжытпай орындау біздің басты бағдарымыз болмақ. Бұл тапсырмалардың мінсіз орындалуы сот төрелігінің қолжетімділігімен қатар, оның ашықтығын, жариялылығын қамтамасыз етіп, тұрғындардың сотқа деген сенімін нығайтады.

Еліміз егемендігін жариялаған 30 жылдан астам уақыт бойы қоғамымыз жемқорлыққа қарсы күресті күн тәртібінен бір сәтке де түсірген емес. Қаншама қатал заңдар қабылданып, қаншама адам қылмыстық жауапкершілікке тартылса да бұл күрестің шеті мен шегі көрінер емес. Құдды бір жеті басты аждаһа сықылды. Бірін шапсаң, орнына екіншісі өсіп шығады. Бұл тек біздің республикамызда ғана емес, посткеңестік елдердің бәрінде солай десем, еш асыра айтқандық болмас. Алайда қол қусырып отыруға тағы болмайды. Іс нәтижелі болуы үшін кеселмен бүкіл қоғам болып күресуіміз керек.

Мен судья болып жұмыс жасайтын Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі түрде, белгіленген жоспармен жүргізіліп келеді. Жемқорлыққа қарсы күреске мүдделі құқық қорғау органдарымен арнайы меморандумдар жасақталып, жыл басынан бері көптеген онлайн-семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыс бәсеңсімей, өз жалғасын таба бермек.

Асхат САУДАБАЕВ,
Атырау облысының мамандандырылған экономикалық сотының судьясы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

АЙ – ОРТАҚ, КҮН – ОРТАҚ, ЖАҚСЫ – ОРТАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бекасыл әулие өз заманында «Тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дегенді тегін айтпаған. Расында, Арықбай ағамыздың бойындағы алғырлық, шешендік, әділдігі арғы атасы Нарбота биден дарыған. Нарботаның тауып айтып, тура сөйлеп тараптардың көңілінен шыққаны туралы аңыз-әңгіме көп. Ал осындай даңқты атаның ұрпағы төреліктің, заңдылықтың айналасында жүрмеуі әсте мүмкін емес.

Арықбай Ағыбаев ұстаздан жолы болған жан. 1967 жылы ҚазМУ-дың құқықтану факультетіне түскен жас жігіттің бойындағы алғырлықты, ізденгіштікті ұстаздары да көре білді. Содан болар үздік оқыған студенттің ғылымнан өз орнын табуына барынша қамқорлық жасаған. Ал кеңестік дәуірде аспирантураға түсу, ғылыми жұмысты қорғау қазақ баласына оңайға соққан жоқ. Бірақ талпынған, талаптанған жігіт өз дегеніне жетпей тынбады. Оның бойындағы намыс, жігер арманын жақындата түсті. Соның арқасында КСРО Ғылым академиясының мемлекет және құқық институтының аспирантурасына қабылданған Ағыбаев ғұлама ғалым П.Ромашкиннің жетекшілігімен «Билікке және қызмет бабына қиянат жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық» деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясын мерзімінен бұрын қорғады. Мұндай күрделі тақырыпты жазу, деректерді тауып зерделеу екінің бірінің қолынан келмейді. Ал «Шар болат шоқта шыңдалады» демекші, Ағыбаевты қиындық ширата түсті, намыс жігерлендіре түсті.

Ғылыми жұмысын сәтті қорғаған маманға сұраныс та аз болған жоқ. Тың тақырыпты зерттеген аспирантты Мәскеуде қызмет етуге шақырғандар да болды. Бірақ Ағыбаев алған білімін елінің игілігіне жаратып, туған жерінде қызмет етуді құп көрді. Осылайша Алматы қалалық сотында судья болып бес жыл жұмыс істеді. Жинаған білімін тәжірибемен ұштастырды. Одан кейінгі өмірі ұстаздық қызметке жалғасты.

Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт

Арықбай Нүсіпәліұлының ұстаздық еңбек жолы Қарағанды мемлекеттік университетінде аға оқытушылықтан басталды. Одан кейін Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында, ұзақ жылдар бойы өзі білім алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өнімді жұмыс істеді. Қаншама шәкірт тәрбиеледі, сала бойынша педагогтарға бағыт-бағдар беретін толымды еңбектер жазды.

Ұстаз – ұлағатты есім. Мамандығына адалдық танытып, саналы ғұмырын осы салаға арнаған адамға қандай мақтау, мадақ айтсақ та артықтық етпейді. Ал әр шәкіртінің жадында жақсы жағымен сақталған ұстаз барлық құрметке лайық. Ғылым-білім жолында өзін әлдеқашан мойындатқан, қылмыстық құқық және криминология саласының ірі тұлғасы, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Арықбай Ағыбаев сондай ерекше тұлға, абыройлы жан. Оны әр жылдары Ағыбаевтан білім алып, тәлімін көрген жандардың естелігінен анық аңғаруға болады.

Солардың бірі **Төлебай Қожан** – еліміздің Жоғарғы Сотында көп жылдар судья болып табысты еңбек еткен. «Ұстазым Арықбай Нүсіпәліұлымен алғаш рет Қарағанды мемлекеттік университетінің қылмыстық құқық және іс жүргізу кафедрасының аға оқытушысы болып істеп жүрген кезінде танысқанмын. Қызығы мен қым-қуыт тірлігі мол студенттік өмірде ағайымызды жан-жақты, тереңірек біле түстім десем, артық емес. Оның ұлтжанды әрі өресі биік азамат, шәкірттеріне қамқор ұстаз екеніне кім-кімге де үлкен мақтаныш сезіммен айтамын. Кеңес Одағы кезінде он бес одақтас республиканың үстінен әмірін жүргізіп, коммунистік идеологияның қылышынан қан тамып тұрған кезінде Арықбай ағай ауылдан келген балаларға қолдау көрсетуден бір сәт қаймықпайтын. Тіпті, олардың университетті жақсы бітіріп шығуына барынша септігін тигізгенін бәріміз үнемі ерекше құрметпен айтып отырамыз», – деген Төлебай Әжібекұлы ұстаз жүрегінің кеңдігіне, шәкірттеріне жасаған қамқорлығына тәнті екенін жасырмады.

Расында Ағыбаевтың қазақ балаларына жасаған қолдауы ерекше. Төлебай Қожанның айтуынша, қазақша мектеп бітіріп, қазақы ауылдардан келіп, заңгерлік оқуға түскенімен, емтиханда ойын орысша жеткізе алмай қиналған балаларға Арықбай Нүсіпәліұлы ұдайы көмек беріп отырған. «Қазақ тілді студенттердің оқыған-тоқығанын қазақша тарқата айтып, қылмыстық құқықты бүге-шігесіне дейін жеткізуіне мүмкіндік жасап, оларды көтермелеп, еңбектенгенін, зеректігін байқаса, «өте жақсы» баға қойып беретін қасиетін неге бағаламасқа! Қазақтың талапты, білімді азаматтарына дұрыс жол көрсетіп, ана тілімен бірге, орыс тіліне, оқуға деген құлшынысын оятып отыратын ұстаздың адамгершілік қасиеті үшін де студенттер оны жақсы көретін, қатты қадір тұтатын» – дейді үлкен ризалықпен.

Ағыбаев шәкірттерінің арасында ғылымнан өз орнын тауып, құқық қорғау, сот саласында біліктілігін мойындатқан тұлғалар аз емес. Соның бірі **Мұратғали Әкетай,** бүгінде Павлодар облыстық сотында қылмыстық істер жөніндегі алқаның төрағасы. «Шәкірттерінің көңілін тапқан, ризашылығына бөленген ұстаз – нағыз ұстаз! Арықбай Нүсіпәліұлы сондай көптің құрметіне бөленген маман. Әр сабағына тыңғылықты дайындалып, үйретері көп болғандықтан студенттер Ағыбаевтың бірде-бір дәрісін қалдырмауға тырысатын. Содан болар, Арықбай ағамыздың дәрістерінде аудитрория лық толып отыратын. Әр студентті атымен атап, әр шәкіртіне көңіл бөлетін ұстазымыздың есте сақтау қабілетіне бәріміз таңданатынбыз» дейді Мұратғали Абрарұлы.

Расында, сексеннің сеңгіріне келсе де Арықбай аға әлі күнге бір көрген адамын жазбай таниды. Хал сұрасып, ақыл-кеңес беруден айнымайтын қарапайымдылығы да ұстазға деген сүйіспеншілікті асқақтата түссе керек.

Заңды қазақша сөйлеткен ғалым

Ғылым жолына түскен Ағыбаевтың заң тілін қазақша сөйлетудегі еңбегі орасан. Себебі, заң, құқық тақырыбындағы шетел тіліндегі оқулықтар көп болғанымен, қазақша еңбектер санаулы. Сол санаулы жұмыстардың ішінде ғалымның оқулықтары көш басында тұр. Ғылыми ізденісінен бөлек, ол азаматтардың құқықтық сауатын көтеру ісінде де өнімді жұмыс істеді. Сонау 1981–1990 жылдардың өзінде Қазақ теледидарындағы «Адам, қоғам және заң» телехабарының қоғамдық негіздегі жүргізушісі болып, елге қажетті мәселелерді ана тілімізде тарқатып айтып, құқықтық танымды өсіруде ауқымды жұмыс атқарды. Жалпы, елімізде Арықбай Нүсіпәліұлының еңбегін баспаған, шығармаларын насихаттамаған ақпарат құралдары жоққа тән. Ағыбаев әлі күнге дейін журналистердің ең сенімді, ең білікті кеңесшісі болып келеді. Заңды қарапайым тілде түсіндіріп, құқықтық сауалдарға толымды жауап беретін ағамызды тілшілердің жиі іздейтіні де сондықтан.

«А.Ағыбаев – қылмыстық құқық және криминология ғылымы саласындағы ірі мамандардың бірегейі. Ол Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің жобасын жасауға белсенді қатысты. Жалпы көлемі 670 баспа табақтан асатын 560-тан астам ғылыми еңбектердің авторы болған ағамыз 26 ізденушінің кандидаттық диссертациясына жетекші болып, 4 ғылым докторына ғылыми кеңесшілік жасады», – деген **Орынбасар Тілепбергенов** те Ағыбаевтың тәлімін алған шәкірттің бірі.

Құқықтық салада шәкірт тәрбиелеп жүрген жандардың бәрі Ағыбаевтың еңбегін ерекше бағалайды. Нархоз университетіндегі қауымдастырылған профессор **Нұрбол Жетібаевтың** ғалымның еңбекқорлығына деген құрметі айрықша. «Қылмыстық құқық, криминология салаларында мемлекеттік тілде оқулық жазатын ғалымдар шоғыры қалыптасып қалды. Дегенмен, ғылыми еңбекті жоғары деңгейде жазатын ғалымдар санаулы ғана. Қазіргі кезде заң бағытында маман дайындайтын оқу орындары көп. Онда оқитын студенттердің барлығы Ағыбаевты қылмыстық құқық ғылымының Аристотелі деп таниды. Өзінің көркем мінезімен, еңбекқорлығымен, қажырлылығымен Қазақстанның заң ғылымында өшпес із қалдыратын бір ғалым болса, ол – Арықбай ағамыз», – деп Жетібаев та жүрекжарды лебізін жеткізген еді.

«Тау алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, ғалым ағамыздың жанкешті еңбегі кейінгі жылдары өз бағасын алды. Бұл үрдіс кейін де үзілмесі анық. Ең бастысы, мемлекеттік тілде оқулық жазатын ғалымдардың кейінгі буыны алғаш рет заң тілін қазақша сөйлеткен ғалымның атын әрқашанда алтын әріптермен жазатыны шүбәсіз.

Әкенің еккен ағашы ұрпаққа сая

Арықбай Ағыбаев елге сыйлы ұстаз, мықты ғалым ғана емес, өз отбасын тәтулық пен мейірімділіктің мекеніне айналдырған жақсы жар, аяулы әке. Осы ретте ағамыздың шәкірті Орынбасар Тілепбергеновтің «Алашта академиктер отбасы санаулы. Фазыл Мұқаметжанов пен Нәйлә Базанова, Салық Зиманов пен Шәрбан Батталова, Серік Қирабаев пен Әлия Бейсенованың ғылыми жұптарының қатарына Арықбай ағамыз бен Күләш апамыздың отбасын қоссақ да осында. Зиялы отбасында дүниеге келіп, ғалымдар тәрбиесін алған балалардың да мақсаты биік, арманы асқақ болары күмәнсіз. Өйткені, ата-ана балаға айна. Ата-анасының игілікті ісін көріп өскен ұрпақтың көңілге түйгені көп болмақ. Оны ағамыздың ұрпағы Лаура Арықбайқызының парасатынан, тәлімінен аңғармау мүмкін емес. Бүгінде Жоғарғы Соттың судьясы лауазымын абыроймен атқарып отырған Лаура Ағыбаева әкесін өміріндегі басты бағыт беруші санайды.

«Әкем қайырымдылықтың, еңбекқорлықтың үлгісі. Ол кісі адам бойынан тек ізгілікті, жақсылықты көреді. Әкемнің балалық шағы соғыстың қиын кезімен тұспа-тұс келді. Ол кездің балалары әкесіз өсті, жартықұрсақ күн кешсе де пейілдері кең еді. Содан шығар, ағасы мен жеңгесі кенеттен қайтыс болғанда әкем артында қалған сегіз баланы ойланбастан бауырына басты. Отыз жасқа енді толған әкем балаларды жетімдер үйіне жібермеді. Осылайша сегіз баланы өзінің үш баласынан кем қылмай қатар өсірді. Анамыз да әкеміздің бұл шешіміне қарсы шыққан жоқ. Ешқайсысымызды алаламай тәрбие берді, әрқайсысымызды оқытты, мамандық алуымызға көмектесті, үйлендірді, жеке-жеке отау етіп шығарды» деген **Лаура Арықбайқызы** әкесінің ізгі қасиеттерін үнемі мақтан етіп айтып отырады.

«Әкемнің еңбекқорлығында шек жоқ. Ол бүгінгі абырой биігіне таза еңбегінің, ізденісінің арқасында жетті. Онымен қызметтес болған жандардың барлығы менің кім екенімді білген соң әкеме қатысты жылы лебіз, әсерлі естеліктерін айтудан жалықпайды. Әкемнің жолын қуып заңгерлік мамандықты таңдаған маған ұстаздарым да асылдың сынығы деп үлкен ілтипат танытты. Ал кезекті бір сынақта белгілі ғалым, профессор А.Диденконың «Сіз әкеңіздің біздің топтағы ең үздік студент болғанын білесіз бе? Ол сол кездегі ең жоғары атаулы стипендия иегері болды» дегенде мақтаныштан төбем көкке бір елі жетпей қалды. Осының барлығы әкемнің өз ісінің білгірі, айналасының қамқоры болғанының нақты дәлелі» дейді Лаура Ағыбаева.

Қазақ «Тегінде бар тегі озар» дегенді бекер айтпаған. Расында, зиялы ата-ананың тәлімін көрген Лаура Арықбайқызы да көргенімен көш бастап жүр. Хабарласа қалсаң, заңға қатысты сауатты пікір білдіріп, елгезектік танытатын судьяның қос тілде жатық та көркем сөйлейтінін көріп жаның жадырайды. Құқықтық салаға мыңдаған маман дайындаған Арықбай Нүсіпәліұлының отбасындағы тәрбиені, ұл-қызының тәлімін назарынан тыс қалдырмағаны тәнті етеді.

Еңбегімен ер сыйлы

Арықбай Ағыбаев сексен жасқа үлкен абыроймен, биік беделмен жетті. Ғалымның бүгінгі жетістігі жылдар бойы жасаған еңбек ақы, маңдай терінің жемісі. Біртуар азамат заң саласының өркендеуіне ғана емес, қоғамның дамуына да өлшеусіз қызмет етті. Құқықтық кеңістіктегі ізденістерінен бөлек, Ағыбаев қазақтың тарихы мен әдебиетін зерттеуден де шет қалмады. Қарасай батыр, Сүйінбай, Жамбыл, Сұраншы, Сүттібай мен Нарбота би жөніндегі тарихи очерктері үшін оған халықаралық Жамбыл Жабаев атындағы сыйлық, Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді. Сонымен бірге, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен профессор Арықбай Ағыбаев «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын иеленді. Еңбектің бағаланғаны, қызметтің ескерілгені қандай жақсы. Біз де заң ғылымының корифейі атанған ағамызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Айнұр САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

Арықбай Нүсіпәліұлы 80 жаста!

Биылғы жылы заң ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан белгілі ғалым, аяулы ұстаз – Ағыбаев Арықбай Нүсіпәліұлы – 80 жаста.

Тіршілікте ұмыр кешіп, өмірде де, ғылымда да өз орныңды табу – үлкен бақыт. Қарымды еңбек етіп, өз жөніңді, өз жолыңды білу – ол да бір берекелі іс. Адам болып аяқ басқан соң, азамат боп қалыптасу – әркімге парыз. Тек ізденіс пен күрескерлік, талап пен табандылық қана адамды парықты істің парасатына бөлейді. Міне, осындай ізгі мұрат жолында іргелі іс атқарып, ел ағасына айналған ғалым, әрі ұстаз Арықбай Нүсіпәліұлының өмірі мен шығармашылық жолы ізденіске толы.

Адами ұмырын ұрпақ тәрбиелеуге, ағартушылыққа арнаған ғалым-ұстаз Арықбай Нүсіпәліұлының тәлімі мол, өнегелі ұмыры өзгелерге үлгі.

Бүгінде бір сөзі мың ділдәдан артық ақылман, жастарға жол сілтер жанашыр жан, белгілі заңгер-ұстаздың 120-дан астам еңбектің, оның ішінде – 2 монография, 10 ғылыми-әдістемелік оқу құралдарының авторы. Саналы ұмырын ғылым жолына арнаған ғалым заң ғылымына жаңадан леп беріп, бірнеше ғылым кандидаттары мен ғылым докторларын дайындады.

Арықбай Нүсіпәліұлы, университетіміздің білім беру саласында 40 жылға жуық өзінің білімі мен тәжірибесін жастарға беру жолында аянбай қажырлы еңбек еттіңіз. Білімді ұрпақ – ұлт жанашырларын тәрбиелеуге саналы ұмырыңызды арнадыңыз. Жас мамандардың білімін шыңдауына, сеніммен қадам басуына жол көрсетіп келесіз. Осындай бәсекеге қабілетті ұрпақтан ертеңгі ел тұлғасы қалыптасуы – сіздей тәжірибелі ұстаздың арқасы. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт, шығармашылық табыс тілейміз. Еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз үстем болсын!

Ж. ТҮЙМЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры

ТАҒЗЫМ

ЕРЛІК – ҰРПАҚҚА МҰРА

Соғысқа дейін халық судьясы, майданда кіші командир болған және жауынгерлік ерлігі үшін қайтыс болғаннан кейін Қызыл Жұлдыз және Қызыл Ту орденімен марапатталған Хасен Әлиұлы Оралбаев біздің мақтанышымыз.

Хасен Әлиұлы 1910 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, Көкарал ауылында дүниеге келген. 1921–1928 жылдар аралығында Ақтөбе облысының Шалқар қаласындағы В.И.Ленин атындағы мектепте орта білім алып, 1928 жылы сот қызметкерлерін даярлау бойынша алты айлық оқу курсынан өтеді. Сөйтіп, сот саласындағы өз еңбек жолын Қызылорда облысы Арал ауданы халық сотының хатшысы қызметінен бастайды. Кейіннен Ақтөбе облысы Ақбұлақ қаласы халық сотының хатшысы және халық судьясы қызметін атқарды. Әр жылдары Алматы қаласында Қазақ КСР Жоғарғы сотының хатшысы, Алматы облысының Іле және Қаратал аудандарына қарасты Талғар, Үштөбе қалаларының халық судьясы қызметін абыроймен атқарды.

Ұлы Отан соғысы басталған жылы тамызда әскерге шақырылып, Батыс, Брянск және Беларусь фронттарындағы ұрыстарға қатысты. Хасен Оралбаев 1944 жылдың 24-25 маусымында жау қорғанысын бұзып өтіп, өз бөлімшесімен бірінші болып жаудың траншеясына кіріп, 18 неміс солдаты мен офицерін жойды. Бобруйск қаласының солтүстік шетіндегі шайқаста жаудың күшті артиллериялық миномет шабуылына қарамастан, жауды батыл тойтарып, 20 тұтқынды басып алды, нәтижесінде оның ротасы тапсырманы сәтті орындап, қарсыластар Кеңес жерінен шығарылды. 1944 жылғы 30 шілдеде майданда ерлікпен қаза тауып, Белосток облысы (Беларусь КСР) Бельский ауданының зиратында жерленді.

Отанымыздың игілігіне еңбек етіп, болашақ ұрпақтың бостандығы үшін күрескен адамның осындай қысқа уақыттағы белсенді өмір жолы жарқын болашаққа үлгі. Ерлік өлмесін деген ниетпен батыр атамыз жайындағы мәліметтер облыстық соттың мұражайынан лайықты орнын алды.

Ақтөбе облыстық сотының баспасөз қызметі

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС

НЕКЕ ШАРТЫ **ДАУДЫҢ** АЛДЫН АЛАДЫ

Неке бұзылған жағдайда ортақ мүліктің тағдыры қалай болатынын ерлі-зайыптылардың басында ойлана бермейтіні анық. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексте неке шарты деген ұғым бар. Осы кодекстің 39-бабының 1-тармағына сәйкес, некеге отыратын адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісімі неке шарты деп танылады. Яғни, некеге отыратын азаматтар, некеде тұрған азаматтар неке шартын жасау арқылы болашақта болуы мүмкін даудың алдын алады.

Тараптар арасында неке шарты жасалмаған жағдайда, ортақ мүлік жөніндегі дау аталған кодекс шеңберінде шешілуі тиіс. Ол үшін біріншіден ортақ мүлікке қандай мүлік жататынын анықтау қажет. Кодекстің 33-бабының 1-тармағына сәйкес, ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Оған қандай мүліктердің жататыны кодекстің 33-бабының 2-тармағында көрсетілген.

Әрине, ерлі-зайыптылардың ортақ мүліктегі үлесі қандай болмақ деген заңды сұрақ туындайды. Кодекстің 38-бабының 1-тармағына сәйкес, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу және осы мүліктегі үлесті айқындау кезінде ерлі-зайыптылардың әрқайсысының үлесі тең деп танылады. Ортақ мүліктегі үлестер теңдігін ескермеу жағдайы аталған баптың 2-тармағында қаралған.



Егер жұбайлардың біреуі дәлелсіз себептермен табыс таппаса немесе ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін екінші жұбайдың келісімінсіз отбасының мүдделеріне нұқсан келтіріп жұмсаса, сот кәмелетке толмаған балалардың мүддесін негізге ала отырып және ерлі-зайыптылардың біреуінің мүддесін негізге ала отырып, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлес теңдігін ескермеуге құқылы. Негізі ортақ мүлікті сот арқылы бөлу ерлі-зайыптылардың қай-қайсысына да тиімсіз. Сот арқылы дауласқанда, ортақ мүліктің нарықтық бағасын анықтау қажет. Оның нарықтық бағасынан мемлекеттік баж алымын төлеу міндет. Сонымен қатар, істі жүргізуге заңгер қатысқан жағдайда, оның көмегінің ақысы төленеді. Әрі сот процесі тараптардың уақытын да алады. Сондықтан, ерлі-зайыптылардың өзара келісіп, ортақ мүлікті ақылдаса отырып теңдей бөлгендері дұрыс және бұл қаражат жағынан өте тиімді.

С.ҚАНАТБАЕВ,
Жетісу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КИЕ

ӨЗ ТІЛІНІҢ СҰЛУЛЫҒЫН СЕЗІНБЕЙ, ӨЗГЕ ТІЛДІҢ ҚАДІРІНЕ ЖЕТУ ЕКІТАЛАЙ!

Торқалы БЕКТҰРСЫНОВ,
Ақмола облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады, оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастың барлық саласында қолданылады. Тілді меңгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген екен Ахмет Байтұрсынов. Ата Заң аясында бақ-берекеміздің сақталып отырғаны тіл саясатын жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны.

Тіліміз халықаралық байланыста да өзінің мемлекеттік мәртебесін сақтауы үшін жас ұрпақтың жеке тұлғалық қасиеті мен патриоттық сезімін ұштастыра тәрбиелеу – біздің парызымыз. Сонда ғана қазақ тілі қоғам өмірінің бар саласында шынайы сұранысқа ие болады.

Заң саласына келетін болсақ, Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкес, Қазақстанда қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізу қазақ тілімен қатар ресми орыс тілінде, ал қажет болған кезде басқа тіл де қолданылады. Бұл талап бойынша кез келген қылмыстық іс қазақ тілінде басталуы керек, ал істі орыс тілінде қозғап, кейін қазақ тіліне ауыстыру қажет.

Қазіргі кезде қазақ тілін жетік меңгерген тергеушілер, анықтаушылар, прокурорлар және судьялар жеткілікті. Ішкі істер басқармасында, соттарда істі қазақ тілінде жүргізуге толық жағдай жасалған. Олардың мазмұны мен лингвистикалық ережесіне баса назар аудару қажет. Ендігі кезекте мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағазын жүргізу мемлекеттік тілде болуы қажет. Бүгінгі күні осы жұмысты толығымен жүзеге асыру үшін аянбай тер төгіп, білек сыбанып жұмыс жасау міндет.

Тәуелсіздік – ұлттық қасиетті қадірлеуден басталады. Ал «өзінің ұлттық қасиетін, өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес» деген Мұхтар Әуезовтің керемет дана сөзі бар. Расында, өз тіліннің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің қадірін сезіну екіталай!

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

БІТІМ

МЕДИАЦИЯ – МӘМІЛЕ МЕКЕНІ

«Дау мұраты – біту» дегендей, заманында дау-дамайға төрелік айтқан би-шешендеріміз қан төгілсе де құн төлетіп, дауласушы тараптарды татуластыруға тырысқан. Ру мен руды, ауыл мен ауылды алауыз болмауға үгіттеп, кешірімді болуға шақырып отырған.

Татуластыру – ол билік айтудың ең озық өнегесі. Сондықтан, бабалар өнегесін жаңғыртып, кез келген дауды татуласу рәсімімен шешу жолдарына ерекше көңіл бөлу әрбіріміздің міндетіміз. Осы аталған мақсатта бірқатар заңдарға толықтырулар енгізіліп, соның ішінде 2011 жылы «Медиация туралы» заңның қабылданғаны мәлім. Биыл осы заңның қабылданғанына 10 жыл. Тараптар татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасай алады. Қазақта «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» – деген аталы сөз бар. Сондықтан кешірімді болу, ынтымақ-бірлікке ұмтылу қай кезде де тірліктің берекесін арттыра түсетіні анық. Сол себепті, сот жүйесінде медиация рәсімін қолдану – негізгі мақсат болып отыр және ол күн тәртібінен түскен емес. Кез келген дауды уақытылы татуласу жолымен, екі тарапқа да тиімді шешім қабылдап, адамгершілік, іскерлік, туыстық қатынастарды сақтап қалу – ең маңызды мәселе болып табылады.

Соңғы жылдары дауды сотқа дейін және сотта бітімгершілікпен шешу деректері көбейе түсті. Мысалы, Кентау қалалық сотының өндірісінде 2018 жылы 56 азаматтық, 21 әкімшілік, 2019 жылы 56 азаматтық, 28 әкімшілік, ал 2020 жылы 90 азаматтық, 46 әкімшілік іс дауды медиация тәртібімен реттеу жолымен аяқталған. Демек, азаматтардың аталған заңда белгіленген тиімді тетіктерге деген сенімі артқаны қуантарлық жаңалық. Бүгінгі сот жүйесіндегі басты мақсат та – тараптарды мейлінше татуластыру, оларды бітімге шақыру.

Яғни, медиацияның даму болашағы өте зор, себебі медиация тараптарға да сотқа да қолайлы шешім болып табылады. Осы тұрғыда медиация институтының дамуына үлес қосу барлығымыздың ортақ міндетіміз, әрі парызымыз екенін ұмытпауымыз қажет.

Ақылбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
Кентау қалалық сотының судьясы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ТАҒЫЛЫМ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ



Тәуелсіздіктің ең маңызды нысаны – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі – бүгінгі жастар. Ол үшін жастар өз елінің тарихын, тілін жетік білуі керек.

Конституцияның 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Біздің тіліміз өзіндік әдеби, ғылыми және саяси жазу нормасы қалыптасқан бай тіл.

Республикамызда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Тәуелсіз Қазақстанда тіл мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Өйткені, ана тіліміз – Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымызбен қатар біздің елдігіміздің басты белгісінің бірі болып саналады.

1997 жылы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы қабылданды. Бұл құжат Үкімет, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтау мен дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті екенін бекітті. Сонымен қатар, аталған заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негізін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау қадамдарын белгілейді.

Мысалы, сот жүйесіндегі қызметкерлерге мемлекеттік тілді үйрету сабақтары тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Соның нәтижесінде қазақ тілін басқа ұлт өкілдері де үйренуде. Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс-қағаздары мемлекеттік тілге көшірілді. Қазақ тілінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдардың саны арта түсті. Мемлекеттік тілге деген талап күшейтілді.

Кез келген тілдің болашағы – балалардың, жастардың қолында екені рас. Балалардың тілді білмеуі, ұмытуы – ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Әр отбасында отбасылық тілді дамыту бағдарламасы жасалмаса, мемлекет тарапынан жасалатын барлық іс-шара өзін-өзі ақтамайды. Сондықтан, қазақ тілінің тағдыры қазақтың өзінің қолында.

Е.ИСМАҒҰЛОВ,
Ақтөбе қаласы тергеу сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

Детектив шығармалар конкурсы басталды!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы детектив шығармалар байқауын 2018 жылдан бері ұйымдастырып келеді.

Бүгінде байқауды Кемел Тоқаевтың атымен атауымыздан саяси астар іздейтіндер бар. Шын мәнінде біз жобаны қолға алғанда Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент болады деген сыбыс та жоқ еді. Мақсатымыз жоғары жаққа жағыну емес, Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрдың бағын ашу, қызығушылықты аттыру болды.

Алғашқы қадамды жасау қашанда қиын. Шыны керек, қолымызда қаржы болғанымен, осы жобамыз көпшіліктен қолдау таба ма, таппай ма деп көп уайымдадық. Алайда бірінші жарнамасын жасағаннан-ақ хабарласушылар көп болды. Айналдырған үш айда қоржынымызға 72 шығарманың түсуі біздің бағытымыздың дұрыстығын дәлелдеді. Кейін жобамызды құптап, Алматы қалалық сотының сол кездегі төрағасы Нұрғазы Әбдіқанов марапаттау рәсімін сот ғимаратында өткізуге келісті. Көреген басшы қалалық соттағы атышулы істердің үкімі негізінде шығарма жазылса деген тілегін де айтты. Бұл расында көркем шығарма көмегімен судьялар еңбегін көрсетуге, қалалық соттың жұмысын насихаттауға жақсы мүмкіндік еді. Қалалық сот судьялары қараған істі негізге алып шығарма жазған бірнеше үміткерді төрағa арнайы марапаттады да. Екі жыл қатарынан қолдау жасаған сот ұжымына айтар алғысымыз шексіз!

Үшінші мәрте ұйымдастырылған байқауға кәсіпкер Бағдат Мәнізоров толықтай демеушілік етті. Талай жазушы, журналистке шабыт беріп, жаңа туындылардың дүниеге келуіне ықпал еткен Бағдат Сайланбайұлының мәрттігіне бас иеміз.

Ал биылғы байқау дәл Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тура келіп отыр. Сондықтан доданы ерекше атап өткіміз, өзгеше ұйымдастырғымыз келді. Біздің таңдау биыл қасиетті Түркістанға түсті. Рухани астанамызда көпшіліктің басын қосып, жүлдегерлерге марапатын ұсынсақ қандай ғанибет. Бұл ойымызды Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Ерболғанұлына айтып, қолқа салған едік. Байқаудың асай-мүсейі дайын, тек осы қасиетті жерде, облыстық соттың жаңа ғимаратында марапаттау рәсімін өткізсек деген ұсынысымызды Тұрысбек Мыятбеков те қуана қабылдады. Бұған қоса, төрағa детективші ағайын түркістандық судьялар қараған істерді шығармасына өзек етсе деген тілегін де айтып қалды. Қош көрдік. Байқауға қатысқысы келетін әріптестер төрағаның бұл өтінішін ескерсе дейміз!

БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ МЫНАДАЙ:

Шығарма 10 беттен (А4 форматы, 14 кегл, 1 интервалмен) аспауы керек;

Үміткерлердің жасына шек қойылмайды;

Шығарма бұған дейін еш жерде жарияланбауы керек;

Шығарманың басқа байқауларға жолданбауы маңызды;

Биыл деректі детектив жанрын дамытқымыз келіп отырғандықтан Түркістан облыстық сотына хабарласып, өңір судьялары қараған істерді шытырман шығармаларыңызға өзек етсеңіздер құба-құп;

Шығармалар қазақ және орыс тілдерінде қабылданады;

«Байқауға!» деген белгімен еңбегіңізді Zangazet@mail.ru немесе ainursem@mail.ru пошталарына жолдасаңыздар болады. Онда автордың мекенжайы мен ұялы телефон номері, эл. поштасы толық жазылуы керек.

Талапқа сай келетін шығармалар газет бетінде жарық көретіндіктен түзеліп, редакцияланатынын ескертеміз.

Үміткерлерге сәттілік тілейміз!

БРИФИНГ

КОДЕКС ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

Қорғалжын аудандық сотында ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша брифинг өтті.

Қорғалжын аудандық сотының төрағасы Д.Темірханов ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бойынша Қорғалжын аудандық әкімдігінің Ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Абышев және «Нұр Қорғалжын» аудандық газетінің бас редакторы Б.Шайзада қатысты.

Брифинг барысында сот төрағасы Д.Темірханов Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде мемлекет пен халық арасындағы дауды шешудің негізі қағидаттарын түсіндірді.

Соңғы кездері мемлекеттік органдар мен қарапайым азаматтар арасында даулы жағдайлар жиі туындайды. Жаңа кодексте осы теңсіздікті жоюға байланысты нақты заңдылықтар қарастырылған. Азаматтардың барлық құқықтарын қорғауға қолайлы жағдай туғызуға бағытталған.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жедел қабылдануы да сондықтан.

Жаңа заңнамада судьяның белсенділігін арттыруға айрықша ден қойылып отыр. Енді судьялар шешімді мемлекеттік органдар мен жеке азаматтардың әкелген дәлел-дәйектеріне ғана сүйеніп шығармайды.

Судья қажет деп тапса, істі нақтылауға көмектесетін дәлел, құжаттарды сұратуға құқылы.

Егер сот дәйектерді толық емес деген жағдайда өз бастамасымен оларды жината алады. Ең бастысы, ендігі жерде мемлекеттік мекемелер өз істерінің дұрыстығын өздері дәлелдеуі керек. Ал, азаматтар мұндай әурешіліктен босатылады.

Іс-шара барысында сұрақтар қойылып, пікірталастар орын алды.

Б.ИЗАХМЕТОВ
Қорғалжын аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

СОТТАЛҒАН БАЛАЛАР АТТЕСТАТ АЛДЫ

Орта мектепті бітіріп, аттестат алу – жасөспірімдер үшін үлкен өмірге жасалған алғашқы қадам. Маусым айында еліміздің барлық мектеп бітірушілері мемлекеттік емтихан тапсырып, қолдарына аттестат алады.

Мұндай қуанышты күн бүгін Алматы қаласындағы ЛА-155/6 түзеу мекемесіндегі жазалы жасөспірімдер арасында да салтанатты жағдайда өтті. Мекеме жанындағы №3 жалпы білім беру мектебінде 39 бала білім алады, оның ішінде 23-і қазақ бөлімінде, 16-сы орыс бөлімінде оқыды.

Сотталғандардың ішінде 13 бала мемлекеттік үлгідегі жалпы орта білім туралы, 12 жасөспірім негізгі орта білім туралы аттестат алып, қуанышқа бөленді. Білім алушылар ауыр қылмыс жасап темір қоршауда жүргенімен, олардың аттестаттарында бұл туралы ешқандай мәлімет болмайды.

Оқу жылының соңында 9 сыныпты бітірушілер 3 пән бойынша, 11 сыныпты бітірушілер 4 пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады. Емтихан қорытындысы бойынша «5» деген баға алғандар болмағанымен, 7 оқушы барлық емтихандарды «4» деген бағаға тапсырды.

Балалар колониясында қылмыс жасап, сотталған балалар жазасын өтейді. Республика бойынша жалғыз балалар колониясындағы жасөспірімдердің орта біліммен қатар, кәсіби білім алуларына да барлық жағдай жасалған.

Колониядағы жалпы білім беретін орта мектеп №3 қалалық мектептің бөлімшесі. Жазалы балаларға білім берумен 11 ұстаз айналысады. Оның ішінде төртеуі жоғары санатты, үшеуі бірінші санатты, біреуі екінші санатты болса, екеуі педагог-сарапшы, біреуі педагог-зерттеуші.

Жазалы болса да жақсы кәсіп иесі атанғандардың бірі – Бауыржан. Ол аталған мекемеде 2019 жылдың наурыз айынан бастап жазасын өтеп жүр. Осы уақыт ішінде кәсіби мектепте оқып, ағаш шебері және темір жонушы мамандығын игеріп алды. Сондай-ақ, «Халықаралық әлеуметтік жобалар ассоциациясы» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Нан өндірісі» курсын да тәмамдап, арнайы сертификатқа ие болды. Бұл мамандықтар оның «бостандыққа шыққан соң ата-анам мен бауырларыма материалдық жағынан көмектесемін» деген мақсатына жетудің алғашқы баспалдағы болатыны сөзсіз. Көп балалы отбасында тәрбиеленген Бауыржан электрик мамандығын да игеріп жүр. Еркіндікте бос жүрмеу үшін бүгінгі күннің сұранысына ие кәсіптерді игеруге бел буған жасөспірім болашақта арманының жүзеге асатынына сенімді.

Сотталған Николай да мекемеге 2019 жылдың наурызында келген. Оның арманы – орманшы болу. Табиғатты жанындай жақсы көретін жазалы Николай өзі игерген ағаш шебері мен темір жонушы мамандығы арманын жүзеге асыруға көмектеседі деп сенеді.

Жазалы балалардың білімдерін ары қарай жалғастыруларына да мүмкіндік мол. Олар жазғы демалыс кезінде әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті ұйымдастырған «Менеджмент» курсында онлайн түрде оқитын болады.

Оқушылардың мектеп бітіруіне арналған салтанатты кеш кезінде аспанға түрлі-түсті шарлар ұшырылды. Балалардың өздері темір торлы қоршауда жүрсе де, олардың асқақ армандары жазылған шарлар еш кедергісіз аспан әлеміне жол тартты.

Гүлнар МАҒЗҰМОВА

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Просервис 888» ЖШС, БСН 190840004058, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы,Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Орбита-3 ықшамауданы, 3-үй, 16-пәтер, пошта индексі 050000.

3. «КазАртПласт» ЖШС, БСН 061240012093(Алматы қаласы,Түрксіб ауданы, Шолохов көшесі, 3), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Чкалов көшесі, 29. Тел.: 87272433955.

4. «GlobalBusiness Gold» ЖШС ұйымы, БСН 200740012525 (Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жеткеншек көшесі, 114 үй), өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Ақшал Мұханов көшесі, 49 үй. Тел. 87025700773.

5. «Хан Батыр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі , БСН 130140020013, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Арал қаласы, Александр Мин көшесі, 2 үй. Тел. 87751896677.

ӘРТҮРЛІ

7. Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №1 қаулысымен бекітілген «Зенит» Орал зауыты» АҚ кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже, Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №1 қаулысымен бекітілген «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже, Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі №22 қаулысымен бекітілген «Семей машина жасау зауыты» АҚ кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже, Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №1 қаулысымен бекітілген «Өскемен конденсатор зауыты» ЖШС кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже, Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №1 қаулысымен бекітілген «КИ 811 автожөндеу зауыты» АҚ кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже, Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №1 қаулысымен бекітілген «ЗИКСТО» АҚ кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже, Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №1 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Инжиниринг ҮҚ» АҚ кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже, Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №1 қаулысымен бекітілген «Мұнаймаш» акционерлік қоғам кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже, Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №1 қаулысымен бекітілген «КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереже, Машина жасаушылар атқарушы комитетінің 2015 жылғы 3 наурыздағы №1 қаулысымен бекітілген «С.М.Киров атындағы зауыты» АҚ кәсіпдақ ұйымы – «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің филиалы туралы ереженің жоғалған түпнұсқалары жарамсыз деп саналсын.

МҰРАГЕРЛІК

6. 09.07.2020 ж. қайтыс болған Бердыкулова Айганның артынан мұра ашылды. Мұрагерлері Түркістан қаласы, С.Ерубаев көшесі, 199 Л мекенжайы бойынша нотариус П.А. Айдарбековаға келулері қажет. Тел.: 87011721304.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ
«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.

ТЕЛЕФОН: 292 29 27, 8 708 929 9874

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН



«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ **«ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА»** БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престіж»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,
факс:
8 (747) 428-26-10

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы,55,Пушкин көшесімен қиылысы,«Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz,e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы,208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі,78,105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ.,ш/а Жетісу-3,55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ.,Жамбыл көшесі,11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі,47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында,Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ТҮЙТКІЛ

ШИКІЗАТТЫ СЫРТҚА ШЫҒАРУҒА «ШЕБЕРМІЗ»

Мемлекет пен Үкіметтің ғана емес, ауыл шаруашылығы министрлігі мен облыс, аудан басшылары өз жұмысының есептерін жариялап, халықпен болған түрлі кездесулерінде әрдайым мал шаруашылығын дамытуда түрлі тұжырымдама, бағдарлама, жоспарлар аясында қомақты қаржы бөлініп жатқанын айтудан жалыққан емес. Алайда, олардың тілге тиек ететіні әрдайым ет пен сүт өндірісінен арыға ұзаған емес. Ал малдың жүнін, мүйізін, терісін, тұяғын, сүйегін жинап, өңдеуге қатысты мәліметті табу шөмеледен ине іздегенмен тең.

Еліміздегі жетекші салалық жоғары оқу орны саналатын Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Малшаруашылығы және биоресурстар ғылыми-зерттеу технология институтының директоры Болатхан Махатовтың айтуынша, Қазақстан қазір қой шаруашылығын дамытуда 70 жылға кері кетті. Бұрын жүйе бар еді. Етті былай қойғанда, әр жерде дайындалған жүнді міндетті түрде сорттап отыратын. Қырқымнан бастап, сорттап өңдеуге дейін өзінің технологиялары болатын. Осындай дүниелер қазір бізде жоқ. Бұл біріншіден тұқымның, екіншіден жүнге деген ішкі сұраныстың азаюынан.

– Егер 1990 жылға дейін бізде қойдың 70-80 пайызы биязы жүнді болса, қазір керісінше боп тұр. Оның үлесі 20-25 пайыз төңірегінде ғана боп қалды. Яғни қойдың тұқымы өзгерген соң оны өңдейтін технология да өзгеруі керек болатын. Қылшық жүннің қолдану аясы өте тарылып кетті. Одан көп болса арқан есіп, киіз ғана басады. Жүн өңдеу өнеркәсібі жоқтың қасы. Барының өзі жүнді жинап алып, шикізат күйінде сыртқа сатуға дайындаумен ғана шектеледі. Қазақстанда бүгінгі таңда 35 мың тоннаға дейін жүн өндіріледі екен. Оның 65 пайызы Қытайға, 20-25 пайызы Ресейге және бір қызығы 10 пайызы Моңғолияға кетіп жатыр. Моңғолия қазір қой жүнін өңдеуде алға озып кетті. Гоби деген компания қылшықты жүннің түбітін бөліп алып, одан түрлі дүние жасап жатыр, – дейді Моңғолия ҰҒА және ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымы академиясының мүшесі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Болатхан Махатұлы.

Ал Алматы облысының Райымбек ауданы әкімінің баспасөз хатшысы Қадыржан Сабырақынның айтуынша, кеңестік дәуірде таулы жерде өсірілетін биязы жүнді арқар меринос қойдың отаны болған бұл өңірде қазір жылына 570 тонна жүн қырқылады екен. Алайда бірде бір өңдеу орны болмағандықтан, халық оны алыпсатарларға болар-болмас бағаға саудалап, пайдасын өзі емес, өзгелер көруде.

Жүн саласын дамытуға қатысты 2020 жылы 25 қаңтарда ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ғ. Дүйсембаев, Б. Еламанов, С. Еңсегеновтер Премьер-Министрдің атына депутаттық сауал жолдағаны да әлі есте. Асқар Мамин мырза 20 ақпандағы өзінің жазбаша жауабы мен оның қосымшасында – Қазақстанда негізінен жүнді бастапқы қайта өңдеу (жуу және топс өндіру), сондай-ақ киіз және киіз бұйымдарын өндіру жүзеге асырылады. Жұмыс істеп тұрған 15 кәсіпорынның 4-үінің биязы жүнді қайта өңдеуге мүмкіндігі бар: «Фабрика ПОШ-Тараз» ЖШС, «Шымкент – Кашемир» ЖШС, «Қуат ЛТД» ЖШС – жүнді бастапқы өңдеу. «Caspiy Lana Atyrau» ЖШС – жүн көрпе мен плед өндірісін жүзеге асырады. Қалған кәсіпорындар – бұл кеңес заманынан сақталған, жаңғыртуды қажет ететін жабдықтары мен технологиялары бар, пима, ұлтарақ, киіз сияқты негізгі өнімдері бар, етіккақтау фабрикалары («Киіз фабрикасы» ЖШС, «Аяз» ЖШС, «Петропавл қысқы аяқ киім фабрикасы» ЖШС, «Қостанай тоқыма аяқ киім фабрикасы» ЖШС және т. б.), – деген болатын. Сондай-ақ, биязы жүнді қой шаруашылығын дамыту мақсатында, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары шеңберінде, қайта өңдеуге өткізілген биязы және жартылай биязы жүннің құнын арзандатуға субсидиялау көзделген. Мәселен, 2019 жылы 257,6 млн теңгеге 1 718 тонна жүн субсидияланғанын тілге тиек етті. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығындардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары шеңберінде жүн дайындау пункттерін, жылжымалы қырқу пункттерін, қойларды электромеханикалық қырқуға арналған құралдарды сатып алу көзделген. «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ зәкірлік кооперацияны ескере отырып, сүт, тері, жүн қабылдау пункттерін құруға және дамытуға қаржыландыру мүмкіндігін көздейтін «Бірлік» кредит беру бағдарламасына өзгерістер енгізді» дей келіп нақты мысал да келтірді. Атап айтқанда, «Caspy Lana Atyrau» ЖШС тоқыма кәсіпорнына қатысты «Caspy Lana Atyrau» ЖШС мемлекеттік қолдау шеңберінде «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бөлінген қаражат есебінен 43 млн теңгеге газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау және сумен жабдықтау желілерін қосу жүргізілген. 2019 жылы «Caspy Lana Atyrau» ЖШС «Бонатти» компаниясының көрпе мен жастықтарды өндіру және жеткізу бойынша 23 млн теңгеге тапсырысын орындады. Бұдан басқа, кәсіпорынды жүктеу және тапсырыстармен қамтамасыз ету мақсатында ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мемлекеттік органдармен және «Атамекен» ҰКП бірлесіп, жұмсақ мүкәммалды (жастықтар, матрацтар, төсек-орын жабдықтары, көрпелер, жамылғылар) мемлекеттік қорғаныс тапсырысына енгізу мәселелерін пысықтауда деген. Яғни, Үкімет өзіне шаң жуытпай, салаға қомақты қаржы жұмсағанымен бөлінген қаржының титімділігі жағынан мақтана алмай отыр. Ал Parasat consulting пен «Атамекен» ҰКП бірлесіп жасаған «Жүнді өңдеу бойынша кәсіпорын құру» бизнес жоспарында Қазақстанда өндірілетін жүннің 6,6 % ғана өңделіп, 43% өңделмеген күйі жоғалатын және соның салдарынан мемлекет жыл сайын 6 млн доллардан айырылып жатқанын жазды.

БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының есебі бойынша 1980 жылдары Қазақстанда қой саны 35 млн-ды құрап, одан 100 мың тоннадан астам жүн қырқылған екен. Оны жинап, сорттап, жуып тазалайтын жергілікті жердегі әрбір кәсіпорында 500-ден бастап бірнеше мың адам жұмыс жасаған. Ал 2005 жылдары әлемде 1 млрд қой болса, одан 2,1 млн тонна жүн алынып, жүн өндіруші елдер арасында 15-орынға тұрақтаған. Сондай-ақ, 4 млрд долларға бағаланатын әлемдік жүн шикізаты нарығындағы еліміздің үлесі 2007 жылы 1,6 % құраған.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда жыл басында еліміздегі қойдың саны 17,6 млн болды. Яғни, тәуелсіздік жылдары саны екі есе азайып, тұқымын асылдандыру мәселесі де күн тәртібінде өзектілігін жоймай тұрған қойдың әзірге бағы жанбай тұр. «Мал өсірсең – қой өсір, өнімі оның көлкөсір» деген бабалар сөзін жаңғырту әзірге арман боп қалуда.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

Ақтөбеде теологтары теріс ағымды ұстанып, кейін абақтыға қамалғандармен жұмыс жүргізіп жатыр. Олардың кейбірі өзінің қателескенін мойындап, райынан қайтқан. Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты тәрбие жұмысы бөлімінің бас маманы Руслан Төлегенов деструктивті діни ағымды ұстанған жігіттің оқиғасын баяндап берді.

ТЕРІС АҒЫМҒА ТҮСКЕН ЖІГІТТІҢ АРМАНЫ

31 жастағы ақтөбелік қазір Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментіне бағынысты КА-168/2 түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатыр. Ол жерлес достарына теріс діни ағымды насихаттағаны үшін сотталған. Белгілі болғанындай, жас жігіт бұрын Сауд Арабиясының медициналық ислам университетінде оқыған. 3-курс студенті осыдан екі жыл бұрын Ақтөбеге жазғы демалысқа келген. Сол кезде дөңгелек жөндеу цехында діни сабақ жүргізуді сылтау етіп, достарына теріс діни ағымы жөнінде ашық түрде үгіт-насихат жүргізген. Кейін ол бұл қылмысы әшкере болып, құқық қорғау органдарының назарына түскен. Сот оны Қылмыстық кодекстің 256-бабы 1-бөлігі (Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру) бойынша кінәлі деп тауып, 5 жылға бас бостандығынан айырған.

– Қазіргі таңда Ақтөбе қаласындағы «Ақниет» қоғамдық қоры және «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының мамандары, мешіт имамдары сотталған азаматпен оңалтуға бағытталған профилактикалық іс-шараларды тұрақты түрде жүргізіп келеді. Сотталған азамат өз ісіне өкінетіндігін және тезірек отбасына оралғысы келетінін айтады, – дейді Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментінің сотталғандар арасында тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыс тобының бас маманы Руслан Төлегенов.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА,
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

ДӘРІЛІК ШӨПТЕРДІ ШЕКАРА АСЫРУҒА ТЫЙЫМ КЕРЕК

Қазақстанда соңғы 10-15 жылдың көлемінде ой мен қырды кезіп, дәрілік шөп іздеушілер саны көбеймесе, азаймай тұр. Олардың арасында бұл жұмысты кәсіпке айналдырып, оны өндірістік жолға қойып алғандары да бар. Сондай-ақ, терісі, мүйізі, тұяғы және басқа да дене мүшелері мен ішкі ағзалары үшін аң мен құстан бөлек, бақа-шаян, құрт-құмырсқа сияқты жәндіктерді аулайтындар аз емес.

Орман-тоғайды қарап, күтіп-баптау жұмысына жауапты мамандар құқық қорғау органы қызметкерлерімен бірлесіп жүргізген рейдтер кезінде мұндай браконьерлерді ұстап, жауапқа тартқанымен, қолданыстағы заңнама олардың сұғанақтығына тоқтау сала алмай отыр. Сондықтан сайлаушылардың өтініш-тілектері бойынша былтыр Парламент Сенатының 12 наурыздағы отырысында сенаторлар Л.Сүлеймен мен Д.Нөкетаева Премьер-Министр Асқар Маминнің атына дәрілік шөптер мен емдік өсімдіктерді шет елге шығарудың заңсыз айналымына қатысты депутаттық сауал жолдаған еді.

Үкімет басшысы 10 сәуірде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өсімдіктер дүниесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленіп мүдделі мемлекеттік органдарға қарастыру үшін жіберілгенін жеткізді. Сондай-ақ «Өсімдіктер дүниесі туралы» заңның жобасында өсімдіктер дүниесі саласындағы мынадай нормалар қарастырылған: 1) қатынастардың, жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтары мен міндеттері, мемлекеттік органдардың құзыреті; 2) қорғау және күзету жөніндегі қызметке қойылатын негізгі талаптар; 3) жекелеген объектілер және олардың өсу ортасын күзету мен қорғаудың ерекшеліктері; 4) сирек кездесетін, құрып кету қаупі төнген, ежелгі және эндемикалық түрлерін қорғау; 5) объектілерді интродукциялау, жерсіндіру және будандастыру, өсімдіктердің бөтентекті түрлерінің таралуын реттеу; 6) ғылыми зерттеулер; 7) объектілерімен жұмыс істеу саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру; 8) объектілермен халықаралық алмасу және сауда жасау; 9) объектілермен жұмыс істеу саласындағы экономикалық тетік; 10) өсімдіктер дүниесінің объектілерімен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру; 11) объектілермен жұмыс істеу саласында қоғамдық бақылауды жүзеге асыру; 12) объектілермен жұмыс істеу саласындағы дауларды шешу және заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік. Осыған байланысты, сауалда қарастырылған кейбір мәселелер жұмыс тобының отырысында депутаттардың, мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерінің қатысуымен қосымша қарастырылатынын атап өтеміз» деген сырғытпа жауабын берді. Оған сауал жолдаған сенаторларды қайдам, бұл мәселеге үлкен үмітпен қарап отырған көптеген сайлаушылардың көңілі толған жоқ. Ел аумағында өсетін өсімдіктер дүниесінің саны әлі күнге әр жерде әрқилы көрсетіліп 3-6 мың арасындағы сандар айтылады. Олардың да басым көпшілігінің төл атауы нақтыланбаған. Ал әйгілі этнограф Жағда Бабалық көзі тірісінде БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында тек Алматы облысында ғана өсімдіктің 10 мың түрі барын айтқан еді. Алайда бұл мәліметтің де соңына түсіп, олардың атын атап, түсін түстеуге мемлекеттік ғылыми-зерттеу институттары мен өзге де құзырлы мекемелер тарапынан қызығушылық болған жоқ. Тіпті жұртшылық арасында есімі дала академигі ретінде аталатын Жағда атамыздың артында қалған мұрасының өзін жинақтап, зерттеп, ғылыми айналымға түсіруге де ықылас білдірушілер табылмай отыр. Ал көпшілік қауым кейбірінің түрін көргенімен, атын жыға тани бермейтін қаншама өсімдіктің тау-тас, орман-тоғай, сай-саланы кезіп жүрген саяхатшылардың дорбасында кетіп жатқанын ешкім білмейді. Дамыған елдің бәрінде мемлекет тарапынан арнайы қорғалатын табиғи қорықтарда бөгде адамдар бейсауыт жүре алмайды. Ал бізде жекелеп те, топпен де даланы, тауды емін-еркін кезіп жүрген шетелдіктерді аз кезіктірмейсіз. Тіпті кейбірі мал жайып жүрген малшылар мен өзге де тұрғындарға өзіне қажетті өсімдіктің суретін көрсетіп, алдын ала тапсырыс беріп қажетті көлемде жинатып алатынын ауылдағы ағайын жыр қылып жүр. Ал олардың біздің кеденшілер мен шекарашылардың көзіне түспей кедергісіз сыртқа шығып жатқаны бөлек бір мәселе.

Ерлік КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №83 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31